Безусловно, положительным фактом представляется принятое решение о создании представительств Уполномоченного в городах республиканского значения и областных центрах. Вместе с тем, нельзя не сказать и о том, что в условиях малочисленного штата обеспечить на должном уровне полноценное и оперативное реагирование на сообщения о нарушениях прав человека представляется весьма затруднительным. В этой связи считаем обоснованным увеличение штата сотрудников аппарата до 50 человек, что является оптимальным количеством, апробированным опытом функционирования офисов омбудсменов других стран. Тогда как Уполномоченный должен иметь достаточный, как с точки зрения числа, так и квалификации, штат сотрудников, который должен соответствовать охватываемой им территории и количеству лиц, которые могут обратиться за его услугами. Как отмечает С.Мектепбаева, специалист отдела гражданских и политических прав аппарата Уполномоченного по правам человека, «расширение возможностей отечественного института Уполномоченного может быть обеспечено и через элементарные количественные возможности, посредством увеличения числа сотрудников аппарата». [6]

В настоящее время учреждение Уполномоченного испытывает серьезные сложности в подборе персонала, поскольку специфика работы предполагает не только знание законодательства, согласно квалификационным требованиям, но и наличие специфических знаний, международных принципов и стандартов.

Повышение уровня должностей государственных служащих учреждения Уполномоченного с категории «С» до категории «В» также послужит эффективной деятельности аппарата. Повышение статуса служащих Национального центра отвечает логике Указов Президента Республики Казахстан, касающихся деятельности Уполномоченного и Национального центра, которые осуществляют функцию наблюдения за соблюдением прав и свобод человека и гражданина государственными органами. Повышение категории даст возможность Уполномоченному вкладывать в содержание отношений с иными государственными органами более весомое рекомендательное значение. Категория государственных служащих - один из оценочных критериев статуса учреждения Уполномоченного для государственных органов и международных организаций. В данный период работы Национальный центр по правам человека не располагает возможностью предложить потенциальным работникам карьерный рост и поэтому работники государственных органов не принимают приглашения их на работу в



Центр. Также, находясь в категории «С» Национальный центр по правам человека не имеет возможности отбора грамотных сотрудников, имеющих достаточный опыт работы в судах, министерствах, правоохранительных органах, поскольку движение по горизонтали не является привлекательным для государственных служащих, уже имеющих солидный опыт работы и перспективы роста в своем учреждении.

На начальном этапе формирования института Уполномоченного по правам человека в Республике Казахстан возникла необходимость его децентрализации, поскольку немногочисленная центральная служба Уполномоченного не в состоянии эффективно разрешать гражданские жалобы в стране, насчитывающей 15 млн. человек. В 2004 г., когда в соответствии с Указом Президента Республики Казахстан от 29 ноября 2004 г. №1474 «О дальнейшем совершенствовании системы защиты конституционных прав и свобод человека и гражданина», была расширена компетенция Уполномоченного по правам человека ему, к сожалению, было отказано создавать свои представительства в регионах, а также в городах Алматы и Астане. Ж.Д. Бусурманов считает, что Правительство «при рассмотрении этого вопроса выступило стороной, радеющей больше чем кто-либо, за сохранность государственного бюджета. При этом оно абсолютно не сочло нужным учитывать мнение общества и граждан, которые больше заинтересованы, как раз, в приближенности и доступности правозащитных институтов (в виде представительств Уполномоченного по правам человека) по месту жительства. С одной стороны, это позволяло им рассчитывать на оперативное реагирование Уполномоченного на факты нарушения прав человека. С другой - позволяло им избежать больших финансовых затрат и издержек, связанных с гостиничными расходами, проездом в столичный центр». [7] Из сказанного видно, что доводами против создания филиальных отделений института омбудсмана могут являться лишь прагматические соображения экономии государственных средств, но не доказательства несостоятельности самой идеи. Аргумент экономии недопустимо использовать при обсуждении проблем прав человека, ибо экономия здесь породит громадные потери человеческих и материальных ресурсов. Ценность публичной деятельности омбудсмана нельзя измерять рыночными категориями.

Институт омбудсмана отличает высокий уровень публичности (гласности). Доклады Уполномоченного по правам человека, которые являются одной из форм его деятельности, должны быть доступными для граждан. Эти доклады, к примеру, могут распространяться большими тиражами и продаваться в газетных киосках. В зарубежных государствах омбудсменовские отчеты перед парламентом являются настольной книгой для парламентариев, политиков, судей, государственных служащих. Помимо того, что выступления омбудсмана, его доклады и брошюры выполняют важную информационную и образовательную роль, апелляция Уполномоченного по правам человека к общественному мнению - это серьезное «оружие», направленное против тех государственных органов, которые игнорируют его предложения.

Большое значение имеет задача повышения образовательного уровня и квалификации сотрудников аппарата Уполномоченного по правам человека в Казахстане. Продолжилась практика участия сотрудников учреждения Уполномоченного в образовательных правозащитных программах, среди которых уже традиционным стало обучение в институте им. Р.Валленберга по правам человека и гуманитарному праву (Лунд, Швеция), в ходе ежегодной летней программы Канадского фонда по правам человека, а также в ходе программы «Международные визитеры», организованной Государственным департаментом США.

Итак, взаимодействие Уполномоченного по правам человека с государственными органами по обеспечению реального восстановления прав граждан способствует эффективному использованию возможностей системы государственной защиты прав человека, и, в целом, улучшению ситуации с соблюдением прав человека. Однако анализ реагирования государственных органов на запросы и рекомендации Уполномоченного по

правам человека свидетельствует о наличии таких нарушений, как направление ответов не на поставленные вопросы, несоблюдение сроков представления ответов, отсутствие мотивировки в ответах.

Национальный центр по правам человека, аппарат Уполномоченного оказывают информационно-аналитическое, организационно-правовое обеспечение деятельности омбудсмена. Однако, в целях повышения эффективности работы, полноты выполнения рекомендаций Уполномоченного, оперативного реагирования на сообщения о нарушениях прав человека, необходимо увеличить штат данного института. Развитие материально-технической базы института омбудсмена также является фундаментом и залогом его успешного функционирования на уровне правозащитной деятельности.

1. Указ Президента, Республики Казахстан «Об учреждении должности Уполномоченного по правам человека в Республике Казахстан» от 19 сентября 2002 года №947/ІСАПІ РК. - 2002. - №30. - С. 328.

2. Отчет о деятельности Уполномоченного по правам человека в 2007 году // [www.ombudsman.kz](http://www.ombudsman.kz)

3. Башимов М.С. Аппараты омбудсменов мира // Вестник КазНУ. Серия «Международные отношения и международное право» 2002. - №2(8). - С. 65-71,

4. Национальные омбудсмены. Свод правовых положений (по состоянию на 01.01.1998). - Варшава, 1999. - С. 687.

5. Отчет о деятельности Уполномоченного по правам человека за 2008 год // [www.ombudsman.kz](http://www.ombudsman.kz)

6. Мектепбаева С, Перспективы института омбудсмена // Юридическая газета. -2004. -21 июля.

7. Бусурманов Ж.Д. Евразийская концепция прав человека. - Монография. — Алматы: КазГЮУ, 2006. - С. 481.

### **Түйін**

Осы мақалада Қазақстандағы адам құқығы мен бостандықтарын бұзғаны үшін реттеуді жүзеге асыратын адам құқығы бойынша өкілеттік қызметі қарастырылады.

### **Summary**

In given article the legal activity of the Representative under human rights on reaction to infringements of the rights and freedom of the person in Kazakhstan.

## **БОСҚЫНДАРДЫҢ ҚҰҚЫҚТЫҚ МӘРТЕБЕСІН ҚҰҚЫҚТЫҚ РЕТТЕУДЕГІ НЕГІЗГІ РЕЖИМДЕР**

**Р.Омиртай** - Азаматтық құқық және  
азаматтық іс жүргізу кафедрасының аға  
оқытушысы, з.ғ.к.

Босқындардың құқықтық мәртебесі баспана мәселесімен тығыз байланысты. Осы тұрғыда халықаралық құқықта баспана қағидасына негізделген бірқатар құқықтық құжаттар қабылданған: 1933 жылғы 26 желтоқсанда қабылдаған «Саяси баспана туралы» Монтевидео конвенциясы, 1939 жылғы 4 тамыздағы «Босқындар және саяси баспана туралы» Монтевидео шарты, 1954 жылғы «Дипломатиялық баспана туралы» Каркастық конвенция, 1954 «Аумақтық баспана туралы» Каркастық конвенция, 1967 жылы «Аумақтық баспана туралы декларация». [1]

Осы құжаттарда қарастырылған баспана мәселесіне қатысты ережелер БҰҰ-ның бастамасы-мен 1.948 жылғы Адам құқығының жалпыға бірдей декларациясына да енгізілді.

Апатридтердің барлығы босқын болып табылмайды. Апатридтер мәселесі азаматтық туралы көптеген мемлекеттердің заңындағы кездесетін өзара (коллизия-қақтығыс) қақтығыста туындай-ды. Ал, босқындардың ішінде апатридтер де кездесуі әбден мүмкін. Апатридтің тұрақты тұрған мемлекеті немесе оған баспана берген мемлекет оны өз азаматы деп танымаса, қорғауға алмаса, босқындық мәселесі туындайды.

1954 жылғы Апатридтер мәртебесі туралы конвенция мен 1961 жылғы Азаматтығы жоқтықты қысқарту туралы конвенция өз кезегінде апатридтерді тұрақты тұратын мемлекет тарапынан қорғауға алыну мәселесін реттеп, олардың адам ретіндегі құқықары мен бостандықтарын қамтама-сыз етуге арналған.

1961 жылғы Азаматтығы жоқтықты қысқарту туралы конвенцияның 9-бабына сәйкес нәсілі, этникалық, діни немесе саяси негіздері бойынша азаматтығынан айыруға тыйым салынады. [2] Ал, мемлекеттердің аумағында қандай да бір өзгерістер болса, конвенция ол мемлекеттер арасында аумақ бөлінісі кезінде тұлғалардың азаматтығы жоқ болып қалмауына кепілдік беретіндей келісім жасауды ұсынады.

Осы халықаралық құқықтық құжаттар негізінде босқындар мәртебесі халықаралық деңгейде реттелуде. Бұл құжаттардың ішінде 1951 жылғы «Босқындардың мәртебесі туралы» конвенция (әрі қарай - Конвенция) босқындардың негізгі құқықтары мен міндеттерін бекіткен негізгі ереже-лерден тұрады. Бұл ережелерді жалпы сипаты тұрғысынан алғанда босқынды қабылдаушы мемлекеттің ұлттық заңында қамтылуға тиіс минимальды ережелер деуге болады. Себебі, дүниежүзі-нің көпшілік мемлекеттері қосылған бұл құжаттың ережелері әр мемлекетте өмір сүріп жатқан шет ел азаматының құқықтық мәртебесімен деңгейлес келетін мәртебені, қажет болған жағдайда шет ел азаматына қарағанда бірқатар артықшылықтар беретін ережені ұсынады. Конвенцияның 7-бабына сәйкес босқындарға Конвенция негізінде аса жағымды құқықтық жағдай көзделген болса, Келісуші Мемлекет оларға шет ел азаматтары пайдаланып жүрген ережені, (яғни, құқықтық мәртебені) ұсынады делінген.

Әрбір мемлекет өз бетінше босқындарға беретін құқықтар мен міндеттердің көлемін анықтау-ға құқылы. Егер босқындарға кең ауқымды құқықтар мен міндеттерді ұсынғысы келсе, ол мемлекет өзінің ұлттық заңына мұндай ережелерді енгізе алады. Мұндай жағдайда тәжірибеде босқынды қабылдаушы мемлекет пен босқын тастап кеткен мемлекет арасында өзара келісу қатынаста-ры туындайды. (егер тараптар өзаралық келісім жасағысы келсе). Өзаралық келісім дегеніміз -тараптар келісе отырып, босқындарға өз мемлекетіндегі шет ел азаматтарымен теңдей құқықтар мен бостандықтарды бекітеді немесе шет ел азаматының құқықтық мәртебесіне қарағанда артық-шылық беретін ережені бекітеді. Өзаралық келісім жүзеге асуы үшін тараптар өзара талап қояды. Сол талап орындалған соң босқынға шет ел азаматымен теңдей құқықтар беріледі.

Конвенция бойынша өзаралық келісім заңды негізде жүзеге асуы үшін, шет ел азаматтары пайдаланатын құқықтарды босқынға беру үшін, ол босқын сол мемлекеттің аумағында үш жыл бойы өмір сүрген болуы тиіс. «По истечении трехлетнего срока проживания на территории Договаривающихся Государств все беженцы будут освобождены от установленного законодательным путем требования взаимности». [3, с, 20]

Ал, егер Конвенция заңи күшіне ентен сәтте өзаралық келісімінсіз босқындарға берген құқық-тар мен артықшылықтарды әрбір Келісуші Мемлекеттер өз күшінде қалдырады: «Каждое Договаривающиеся Государства будет и впредь предоставлять беженцам права и преимущества, на которые они без всякой взаимности имели право в день вступления настоящей Конвенции в отношении данного государства». [3, с. 20]

Авторлар Конвенция босқындарға караудың торт режімін бекіткендігін сөз етеді. Мәселен, Сарсембаев М.А. пен Шарипова А.А. «Статус беженцев в Казахском и международном праве» оқулығында осы режімнің төртеу екендігін санамалап беріп,

үшеуіне ғана тоқталады: «Конвенция о статусе беженцев устанавливает четыре режима обращения с беженцами:

- национальный режим, то есть предоставляемый государством собственным гражданам;
- наиболее благоприятный режим, то есть наиболее благоприятный режим, предоставляемый гражданам иностранного государства;
- возможно более благоприятный режим, чем тот, которым при тех же обстоятельствах обычно пользуются иностранцы. [4, с. 21]

Ал, В.И. Потапов «Беженцы и международное право» атты еңбегінде мынадай төрт режимге тоқталады:

«Конвенция 1951 года устанавливает четыре режима обращения с беженцами: 1) национальный режим, то есть режим, предоставляемый гражданам соответствующего государства; 2) режим предоставляемый гражданам страны обычного местожительства беженца; 3) наиболее благоприятный режим, то есть наиболее благоприятный режим, предоставляемый гражданам иностранного государства; 4) возможно более благоприятный режим и во всяком случае, не менее благоприятный, чем тот режим, каким при тех же обстоятельствах обычно пользуются иностранцы». [5, 47 б.]

Сарсембаев М.А пен Шарипова А.А осы режимдердің ішінде В.И. Потаповтың ұсынған екінші режиміне тоқталмаған.

Біз бұл жерде авторлар ұсынып отырған «режим» ұғымының орны-на «мәртебе» ұғымын ұсынамыз. Себебі бұл жерде босқынға берілетін құқықтар жайлы сөз болып отырғандықтан, бұл құқықтардың жиынтығы босқындардың құқықтық мәртебесін құрайды. Ал, құқық теориясына сүйенер болсақ, режим - қоғамды басқарудағы мемлекеттің қолданатын әдіс-тәсілдері ұғымын білдіреді.

Сонымен, біз Конвенция босқындарға қатысты В.И. Потапов айтқандай төрт түрлі режимді бекіткен деп айта аламыз. Сондықтан да, ол төрт режимді былайша атауды жөн көрдік:

- 1) Ұлттық режим - босқындарға мемлекеттің өз азаматтарына берген құқықтарды беруі;
- 2) Аса қолайлы режим - мемлекеттің шетел азаматтарына берген құқықтық мәртебені босқын-дарға да беруі, яғни босқынға ол тұратын мемлекеттегі шет ел азаматтарымен тендей негізде құқықтар мен міндеттер беріледі.
- 3) Босқынның әдеттегі тұрғылықты мекенінің өз азаматтарына берген құқықтарынан тұратын режим;
- 4) Мүмкіндігінше аса қолайлы режим - босқындарға дәл сол жағдайда әдеттегі шет ел азаматтары пайдаланатын құқықтардан кем емес, мүмкін болғанынша ең қолайлы мәртебе беру.

Ұлттық режим дегеніміз - босқынға оны қабылдаушы мемлекет тарапынан берілетін, сол мемлекеттің өз азаматтарына да берген құқықтардың жиынтығынан тұрады. Осындай құқықтар Кон-венцияның мынадай баптарында бекітілген: 4-бапта, 16-бапта, 17-баптың 2-тармағында, 20-бапта, 22-баптың 1-тармағында, 23-бапта, 24-бапта, 29-бапта.

Босқындардың дінді пайдалану құқығы 1951 ж. Конвенцияда мынадай мазмұнда бекітілген: «Договаривающиеся Государства будут предоставлять беженцам, находящимся на их территориях, по меньшей мере столь же благоприятное положение, как и своим собственным гражданам, в отношении свободы исповедовать свою религию и свободы предоставлять своим детям религиозное воспитание». [3, с. 19]

Бұл бап бойынша босқындардың оны қабылдаушы мемлекетте өз дінін ұстануға және өз діні бойынша балаларына тәрбие беру бостандығы құқығы ең аз дегенде сол мемлекеттің өз азаматтарына берілгендей деңгейде болуға тиіс. Яғни босқын емір сүріп жатқан мемлекеттің өз азаматтарына қандай діни құқықтар мен бостандықтар берілсе, Конвенцияға қосылған мемлекеттер өз аумағындағы босқындарға да сондай діни құқықтар мен бостандықтар беретін болады.

Осы тұрғыда Қазақстан мемлекеті өзін зайырлы мемлекет деп жариялай отырып, адамдардың діни бостандығына еркін жол берілетіндігін Конституциясындағы 19-бапта

анықтаған. Ендеше, елімізде заңды жолмен өмір сүріп жатқан босқындардың діни құқығы осы баптарға сәйкес жүзеге асуга тиіс. Босқындардың сотқа жүгіну құқығы Конвенцияның 16-бабында анықталған. Осы бапқа сәйкес, Конвенцияға Келісуші Мемлекеттер аумағындағы соттарға әрбір босқынға емен-еркін жүгіну құқығы берілген. Сондай-ақ, босқындарға заңи көмек алу мәселесі мен сот шығындарын толеудегі жеңілдіктер де сол мемлекет азаматтарымен теңдей негізде беріледі.

Конвенцияның 17-бабының 2-тармағында босқындарға сол мемлекеттің ішкі нарығын қорғау мақсатында шетел азаматтарына қойылған шектеу ережелерін қолданбай, өз азаматтарымен теңдей негізде жалданып жұмыс істеу құқығы берілген. Бірақ та, ұлттық мәртебеге ие болу үшін босқындардан мынадай шарттар талап етіледі: осы елде үш жылдан астам өмір сүрген босқынға және босқын өзі өмір сүрген мемлекеттің азаматы болып табылатын адаммен отбасын құрса, сондай-ақ, сол елдің азаматы болып табылатын балалары болса осы ереже қолданылады.

Босқындарды әлеуметтік қамсыздандыру мақсатында ұлттық мәртебені бекіткен ереже Конвенцияның 20-бабында қарастырылған. Бұл бапта тапшы болып саналатын азық-түліктерді жалпы тұрғындарға міндетті түрде жүйелеп үлестіріп беру мәселесі бар мемлекеттерде босқындарға өз азаматтарымен бірдей негіздегі жүйе қолданылатындығы анықталған.

Бастауыш білім алу құқығы да босқындарға тиісті мемлекеттің азаматтарымен теңдей негізде берілуге тиіс екендігі Конвенцияның 22-бап, 1-тармағында анықталған. Ұлттық мәртебе беру арқылы босқындарға ҚР-ң Конституциясындағы: «азаматтарға орта білім алу тегін, әрі міндетті болып табылады [6, 10 б.]» деген орта білім алу құқығы мен орта білімнің міндеттілігін жүктеуге болады.

1951 жылғы «Босқындар мәртебесі туралы» Конвенцияға қосылған Қазақстан мемлекеті үшін бұл бапқа сәйкес, Қазақстан таныған босқындарға өз азаматтарымен теңдей тегін орта білім алу құқығы беріледі, әрі орта білім алу босқындарға да, республика азаматтарына сияқты міндетті болып табылады.

Аумағында заңды өмір сүріп жатқан босқындарға сол мемлекеттің азаматтарына берілгендей жағдайдағы үкіметтік жәрдем мен қолдаулар беріледі. Бұл әлеуметтік құқық босқындарға Конвенция арқылы берілген: «Договаривающиеся Государства будут предоставлять беженцам, законно проживающим на их территории, те же положение в отношении правительственной помощи и поддержки, каким пользуются их граждане. [3. с. 27]»

Босқындардың еңбек ету құқығы мен әлеуметтік қамсыздандырылу мәселелері Конвенцияның 24-бабында қарастырылған. Осы бапқа сәйкес өз аумағында заңды негізде тұрып жатқан босқындарға мынадай мәселелерге қатысты өз азаматтарымен бірдей жағдай жасайды: еңбегі үшін мара-паттау, отбасына берілетін жәрдем ақы, жұмыс күнінің ұзақтығы, ақы төленетін демалыс, жалда-малы жұмыс, оқушылық және мамандық даярлыққа қойылатын минимальды жас мелшері, әйел және жас еспірімдердің еңбек етуі, ұжымдық шарттың артықшылықтарын пайдалану мәселелері бойынша. Себебі, бұл мәселелер сол мемлекеттің ұлттық заңымен, әкімшілік биліктің бақылауы-мен, тиісті органдардың өкімдерімен анықталып, жүзеге асып отырады.

Әлеуметтік қамсыздандыру (жұмыстағы сәтсіз оқиғаларға қатысты заңды ережелер, маманды-ғына қатысты ауруға шалдыққаны, ана болтаны, ауруы, кемтарлығы, қарттығы, өлімі, жұмыссыз-дығы, отбасылық міндеттері және тағы басқа жағдайлардағы әлеуметтік қамсыздандыру жүйесінде сол мемлекеттің заңы мен тиісті органдардың үкіміне сәйкес анықталады. Оған мынадай шек-теулер қойылады: 1. ие болатын құқықты сақтаудың және сол құқыққа ие болу үрдісінің барысы-ның белгілі тәртібі болса; 2. мемлекеттік қордан берілетін жәрдемақыны толықтай немесе жарты-лай алудың әлеуметтік тәртібі болуы мүмкін, немесе тиісті зейнетақыны алу үшін төленуі тиісті үлестің шарттарын орындамаса.

Ұлттық режим бойынша босқындардың экономикалық құқығы да Конвенцияның 29-бабына сәйкес босқындарға сол мемлекет азаматтарына салынатын салықтар, алымдар

мен баждардан басқа салықтар алынбайды. Сондай-ақ, ол алымдар мен салықтар, баждардың мөлшері де сол мемлекет азаматтары төлеуге тиіс мөлшермен бірдей негізде болуға тиіс.

Аса қолайлы режим босқындарға саяси емес және пайда табуды көздемейтін сипаттағы ассоциацияларды, мамандандырылған одақтарды құруға және оған мүше болуға, ұлттық мәртебеге сай келмейтін реттерде босқындардың жалданып жұмыс жасауы кезінде беріледі. Яғни саяси емес, пайда табуды көздемейтін мақсатта бірігу құқығы сол мемлекеттегі шет ел азаматтарына берілген құқықпен теңдей. Ал, саяси мақсатта бірігу мәселесіне жол берілмеуін шет ел азаматтарының өмір сүрген мемлекеттегі саяси құқығының шектелгендігімен түсіндіруге болады.

Аса қолайлы режим босқындарға Конвенцияның 15-бабында, 17-бабының 1-тармағында анықталған. Конвенцияның 15-бабына сәйкес саяси емес және пайда табуды көздемейтін сипаттағы қауымдастықтарды құру құқығын мемлекет аумағына заңды жолмен келген босқындарға өз аумағындағы шет елдік азаматтар құқығымен сәйкестендіріп береді. Ал, жалданып жұмыс істеу-де аса қолайлы ережені өз аумағында заңды. өмір сүріп жатқан босқындар үшін өз аумағындағы шетел азаматтарына берілетіндей жағдайды жасайтындығы 17-баптың 1-тармағында анықталған.

Босқынның әдеттегі тұрғылықты еліндегі өз азаматтарына берілетін құқықтардан тұратын мәртебесі көбінесе өнеркәсіптік меншік құқығын қорғау, авторлық құқықты қорғауға қатысты болып келеді. Ондай құқықтарға: сөз және үлгі өнертапқыштық құқық, тауар бергілері, фирма атаулары, әдеби, ғылыми және суретшілік өнертапқыштығына деген құқығы жатады. Бұл мәртебе бойынша осы салада босқындарға ол өмір сүрген мемлекеттің шет ел азаматтарына бергеніндей құқықтар беріліп, осы саладағы құқықтары шет ел азаматтарымен теңдей дәрежеде қорғала-ды деген сөз.

Мүмкіндігінше аса қолайлы режим - босқындарға дәл сол жағдайда әдеттегі шетел азаматтары пайдаланатын құқықтардан кем емес, мүмкін болғанынша ең қолайлы мәртебе беру мәселесі. Бұл мәртебе көбінесе қозғалатын және қозғалмайтын мүлікке ие болу құқығында, жалдау және тағы басқа шарттарда, жеке ауылшаруашылығымен, егіншілікпен және сауда жасаумен айналысу құқығында, сауда және өнеркәсіп серіктестігін құру құқығында, еркін мамандықпен айналысу құқығында, оқу мүмкіндіктері мен шет ел дипломын, аттестатын, степендиясын тану қатынаста-рында, оқуға ақы төлеуден босату мақсатында қолданылады. Мәселен, Конвенцияның 13-бабында қозғалатын және қозғалмайтын мүлікке ие болу, оны жалға беру және оған қатысты тағы басқа шарттарды жасау құқығында босқынға сол аумақтағы шет ел азаматтарына қарағанда мүмкіндігінше аса қолайлы жағдай жасап беретіндігі анықталған. 18-бапта өз аумағында заңды өмір сүріп жатқан босқындарға әртүрлі саладағы өз кәсіпорнында жұмыс жасауына сол мемлекеттегі шет ел азаматтарына берілетіндей жағдайдан кем емес мүмкін аса қолайлы құқықтық жағдай жасайтын-дығы сөз етілген.

Ал, қолында дипломы бар, Шарт жасасушы мемлекет аумағында заңды негізде өмір сүріп жатқан босқындарға осы дипломы күзіретті органдармен танылған болса, тиісті мамандығы бойынша еркін маман иесі болуына әдетте сол мемлекеттегі шетел азаматтарына берілетіндей мүмкін аса қолайлы құқықтық жағдай жасалатындығы Конвенцияның 19-бабында анықталған.

Тұрғын-үй мәселесін арнайы заңмен, бұқаралық билік шешетіндігіне қарамастан Шарт жасасушы мемлекеттер өз аумағында заңды тұрып жатқан босқындарға тұрғын үйге деген құқығына мүмкіндігінше аса қолайлы құқықтық жағдай жасап береді, қандай жағдайда болмасын өз аумағындағы шетел азаматынан кем емес жағдайдағы ережені бекітеді делінген Конвенцияның 21-бабында. Ал, 22-баптың 2-тармағында бастауыш білімнен басқа оқудың түрлерінде, шет ел аттестаты мен дипломын, шет елде берілген дәрежелерді тану мәселесінде, оқу үшін ақы төлеу, алым төлеу, шәкірт ақы беру мәселелерінде өз аумағында заңды тұрып жатқан босқындарға Шарт жасасушы мемлекеттің мүмкін аса қолайлы құқықтық жағдай жасайтындығы, нендей жағдай болса да, өз аумағындағы шетел азаматынан кем емес қолайлы жағдай жасайтындығы анықталған.

Бұл қарастырылған құқықтар босқындарға Конвенция негізінде берілген жалпы құқықтарды қамтиды. Конвенцияда босқындардың ерекше жағдайымен байланысты арнайы құқықтарды бекіткен ережелер де бар. Ондай ерекше жағдайларға: 1) босқынның өз отанымен құқықтық және фактілік байланысының жойылуы; 2) олардың жеке мәртебесін анықтайтын құжаттарының бол-мауы; 3) баспана берген мемлекеттің шекарасынан заңсыз өтуі.

Конвенцияға сәйкес босқынның жеке басының мәртебесі оның домицил елінің заңымен, егер оның мұндай елі жоқ болса, оның өмір сүрген елінің заңымен анықталады. Мұнда босқынның бұрынғы жеке бас мәртебесімен қатысты берілген құқықтары, соның ішінде некеден туындайтын құқықтары осы конвенцияға Қатысушы Мемлекеттер арасында сақталады.

Аумағына заңды жолдармен келген босқындар алдындағы мемлекеттің конвенциялық міндет-тері мынадай: босқынға тұратын жерін таңдау құқығын беру; мемлекет аумағында еркін жүріп-тұру құқығын беру; аумағындағы босқындарға заңды куәлік пен жол жүру билеттерін беру.

Босқындардың мемлекет аумағына заңсыз кіруі оның тастап кеткен еліндегі өмірі мен бостан-дығына төнген қауіппен байланысты болса, ондай босқынды заңсыз мемлекет шекарасына келге-ні үшін жазалаудан босататын ереже де конвенцияда бекітілген. Босқындарға мұндай құқықтың берілуі олар тарапынан мынадай әрекеттер жасағанда ғана жүзеге асады: келген мемлекеттің билік органдарына тез арада барып, заңсыз осы мемлекетке өтуге негіз болған жағдайларды өзі-нің түсіндіріп беруі қажет. Егер, сол мемлекет органдары босқынның осы түсініктемесін қанағат-тандырса, оны шекарадан заңсыз мемлекетке кіргені үшін жазадан босатады. [3, с. 31]

Мемлекеттік қауіпсіздік пен қоғамдық тәртіпке қайшы болғаннан басқа жағдайларда өз аума-ғындазанды өмір сүріп жатқан босқындарды қумауға мемлекетке міндеттеме береді. Ондай куда-лау тек сот шешімін орындау мақсатында ғана жүзеге асуы мүмкін. Сот шешімін орындау мақса-тында босқынға басқа елге кетуге заңды рұқсатты алуға жеткілікті мерзім беру қажеттілігі де қарастырылған. [3, с. с. 31, 32]

Жоғарыдағы баптарда Конвенцияға сәйкес босқындардың құқықтарын қарастырдық. Енді бос-қындардың құқықтық мәртебесінің құрамдас бөлігі - босқындардың міндеттеріне тоқталайық.

Босқындардың міндеттері Конвенцияның 2-бабында айшықталған. Онда әрбір босқынның басты міндеті өзі орналасқан мемлекеттегі қоғамдық тәртіпті орнату мақсатында қабылданған шараларға бағыну, сондай-ақ, сол мемлекеттің заңдары мен өкімдеріне бағынуға тиіс екендігі айтылған.

Жоғарыдағы зерттеулерге сүйене отырып, халықаралық құжаттарда босқындардың әлеумет-тік, мәдени, экономикалық құқықтары қамтамасыз етілген деп қорытынды жасай аламыз. Ал, босқын деп танылған түдғаның саяси құқығы көптеген мемлекеттерде ол өмір сүріп жатқан мем-лекеттегі шетел азаматтарының саяси құқығы сияқты шектелген.

ҚР Конституциясында адам мен азаматтың конституциялық құқықтары мен міндеттері анық-талған. ҚР Конституциясындағы «Адам және Азамат» бөліміндегі босқындардың құқықтық мәр-тебесін де анықтайтын ережелерді талдауға болады.

ҚР Конституциясының 2-боліміндегі баптардағы кездесетін «Әркімнің», «ешкімді», «әрбір адамның» деген сөздерден тұратын 'баптары босқындардың да конституциялық құқықтық мәрте-бесін анықтауға негіз болып отыр. Себебі, босқын - адам, ал, адам құқықтары мен бостандықта-рын, міндеттері мен оларға берілетін кепілдіктерден тұратын бұл ережелерді босқындар мәртебе-сін анықтауда басшылыққа ала аламыз. Себебі, ҚР Конституциясы ең жоғарғы заңи күші бар қркат. Басқа заңдар оған қайшы келсе, ол заңдар жойылады.

1. Юрий М УВКБ ООН: *Международная защита беженцев // Белорусский журнал международного права и международных отношений.* - 2000, - №2.

2. Дрожжин В. *Национальный вопрос: Проблемы беженцев // Диалог.* - 1996. - №12. - С. 18-27.

3. Конвенция и Протокол, касающийся статуса беженцев. - М.: УВКБ ООН, 1996. - 54 С.
4. Сарсембаев М.А. және Шарипова А.А. «Статус беженцев в Казахском и международном праве», (уч. пособие) - Алматы, 2002. -48 С.
5. Потапов В. И. Без/сенцы и меюоду народное право. - М.: Между нар. отношения, 1986.-103 С.
6. Қазақстан Республикасының Конституциясы // Қазақстан Республикасы Парламентінің жаршысы. - 1996. -№4. -217 қ.; - 1998. -№20. - 245 ұ.; - 2007. -№10. - 68 қ.

### Резюме

В данной статье рассматривается основной режим беженцев, правовое регулирование правового статуса беженцев.

### Summary

In given article the legal the basic mode of refugees, legal regulation of legal status of refugees.

## САҚТАУ ШАРТЫ БОЙЫНША ЖАУАПКЕРШІЛІК МӘСЕЛЕЛЕРІ Д.С.

**Байсымакова** - Азаматтық құқықтық пәндер кафедрасының аға оқытушысы

Азаматтық-құқықтық қатынастардың негізгі бөлігін міндеттеме құрайтын болғандықтан жауапкершілік жөніндегі мәселе міндеттемелік құқықтың жалпы ережелерінде қаралады. Бірақ та бұл арада айтылған мәселе міндеттемелерден тыс құқық қатынастарына да қатысты. Жалпы алғанда, жауапкершілік дегеніміз, заңмен немесе шартпен қаралған ретте өзіне жүктелген міндет-ті бұзатын азаматтық құқық қатынасының субъектісіне қолданылатын мүлікті өндіріп алу немесе мүліктік салмақ салу болып табылады. Оған бұзылған құқыққа орай уәкілетті тұлғаның мүлік-тік шығынының орнын толтыру да жатады. [1, 73 б]

Жауапкершілікке тарту азаматтық құқық бұзушылық жағдайында құқықтық нормаларға санк-цияны жүзеге асыруға түрткі болады. Ең алдымен, азаматтық-құқықтық жауапкершілікте мемле-кеттік және шарттық тәртіпті нығайтудың да, осы мақсаттың алдын алудың да тәрбиелік маңызы айрықша. Азаматтық құқық қатынасының субъектілері болып табылатын тараптар өздеріне жүк-телген міндеттерді орындамауы қоғамдық қатынастарды бұзып, мүліктік шығынға және жеке тұлғалар мен бүкіл қоғамды қолайсыз жағдайларға әкеп соқтыратын білуі тиіс әрі өзінің міндетін бұзбауға күш салуы керек.

Тәрбиелік жағынан былай қарағанда егер әлгі айтқан құқық бұзушылыққа жол берілетін болса, онда азаматтық-құқықтық жауапкершілік оны қайта қалпына келтіруді қамтамасыз етеді. Сон-дықтан да, борышқор өзі істеуге міндетті нәрсені орындамағанда ғана емес, оны орындаудан өз бетімен бас тартқан кезде де оған жауапкершілік бәрі бір мойындатылады. Азаматтық құқықтың қосымша мүлікті өндіріп алу тәрізді өзіне тән жауапкершіліктің қасиеті болмаса, несие беруші міндеттемесін орындаудан жалтарған борышқорға жазалау шарасын қолдана алмайды және оның іс-әрекетін өз дәрежесінде реттеп отыруы қиындай түседі.

Азаматтық-құқықтық жауапкершіліктің өзіне тән қасиеттері:

А) борышқордың міндеттемені бұзғанынан туындаған мүліктік шығындарды несие берушіге қайтару;

Б) борышқордың міндеттемені тиісті дәрежеде орындауын қадағалау;

В) борышқорды міндеттемесін орындамағаны немесе тиісті дәрежеде орындамағаны үшін жазалау;

Г) белгілі бір дәрежеде несие беруілінің міндеттемеге қатысуын түрткі болу (өйткені, контра-негтің дұрыс болмауынан пайда болатын шығынды өтеуді қамтамасыз етеді);



Д) борышқордың тәртіпсіздік фактілерін басқа тұлғалардың көзінше айғақтау болып табылады.

Ықпалы әртүрлі деңгейде бола тұрса да, міндепемелердің бәрінде жауапкершіліктің мұндай қасиеттері кездеседі. Мұндай жауапкершіліктің қажеттілігі міндеттеменің бұзылмауын реттейтін заңнан (мысалы, міндеттемені бұзғаннан келетін залалдың орнын толтыру), әр жақтың өзара жасасқан шарттарынан, міндеттеменің келісілген жағдайларынан туындайды. Жауапкершілікті белгілеу қосымша келісімдер арқылы да жүзеге асады. Мысалы, оған міндеттеменің мерзімін бұзғаны үшін салынатын айыпқа орай жасалатын келісімді жатқызуға болады.

Азаматтық-құқықтық жауапкершілік азаматтық құқықтың жалпы бөлімінің институты болып табылады, өйткені жалпы ереже бойынша азаматтық-құқықтық қатынастардың барлық түрінде өзіне тән қасиеттер кездеседі.

Азаматтық-құқықтық жауапкершілік түсінігі - заң ғылымында даулы мәселе. Кейбір авторлар оң мағынадағы жауапкершілікті бөліп қарайды, яғни оны барлық міндеттердің бұлжымайтын, қатаңтүрде жетілген бастамасымен жүзеге асырылуы деп біледі. [2, 156 б].

Мұндай жауапкершілікке көзқарас міндеттеме жүйесіндегі жауапкершілікке міндеттеменің тиісінше орындалуына сай келеді. Сонымен бірге міндеттемені тиісінше орындауда азаматтық-құқықтық жауапкершілік әрқилы ережелерге бағынады, демек оны борышқордың белгілі бір әре-кет/інің аясына сыйдыруға болмайды.

Заң жүзіндегі жауапкершілік әрқашанда мінез-құлыққа нақтылы баға береді, яғни сол құқық бұзушының мінез-құлқының салдарына мән береді. Сондықтан да оны ретроспективтік жауап-кершілік деп атайды.

Заң жүзіндегі жауапкершілік өзінің жасаған іс-әрекеті үшін есеп беру міндеті құқығымен рет-теледі деген де пікір бар. [3, 78 б]

Өзінің әрекетінде есеп беру міндеті құқық бұзушылық болмаған жағдайда да болатындығын еске сала кеткен жөн.

Жауапкершілік дегенді мемлекеттік немесе қоғамдық мәжбүрлеу шарасын қолдану деп түсін-діретіндер де кездеседі [4, 356 б]. Мұндай көзқарастың кемшілігі сол, борышқордың несие беру-шіге келтірген залалын өз еркімен қалпына келтіру немесе айыпты төлеуін азаматтық-құқықтық жауапкершіліктен айналып кету мүмкіншілігін туғызады.

Азаматтық-құқықтық жауапкершілік тудыратын жағдай оның негіздері болып есептеледі. Ондай негіздерге ең алдымен заңда немесе шартта көрсетілген құқықтарды бұзу жатады. Мысалы, міндеттеме шартында көрсетіле тұрса да тұлғаның оны орындамауы немесе тиісті дәрежеде орындамауы, әлдекімге мүліктік залал келтіруі тәрізді жағдайларды айтуға болады.

Алайда жауапкершіліктің аталған негіздерінің бірі пайда болған кезде оны белгілі бір тұлғаға қолдана қою әр кез мүмкін емес. Ол үшін азаматтық-құқықтық бұзушылыққа сәйкес келетін жал-пы, типтік болып табылатын белгілі бір жағдайларды айқындап алу қажет. Азаматтық-құқықтық жауапкершіліктің мұндай жалпы негіздеріне жататындар:

- тұлғаның құқыққа қайшы қылығы (іс-әрекеті не әрекетсіздігі);
- жәбірленген тұлғаның шеккен зияны немесе залалдың бар болуы;
- құқық бұзушының құқыққа қайшы іс-әрекеті мен оның келтірген зиянының салдары арасын-дағы болатын себепті байланыс;
- құқық бұзушының кінәсі.

Нақты тұлғаға азаматтық-құқықтық жауапкершілікті жүктеу үшін жалпы ереже бойынша қажетті келтірген негіздер жиынтығы - азаматтық құқық бұзушылықтың құрамы болып табылады. Көрсетілген негіздердің біреуі болмай қалса, жауапкершілікке тарту мәселесі туындамайды. Бірақ-та, кейбір жағдайларда заң азаматтық құқықтағы құқық бұзушылық құрамының бар болуы мүліктік жауапкершілікке тарту үшін жалпы талаппен санаспайды (мысалы, люғары қауіптілік көзін иеленуші заңды тұлға жәбірленушінің алдында кінәсіз жауап береді). Тараптардың жауап-кершілігінің жекелеген сәттерін белгілі бір мәселелер аясында жоғарыда қарастырып өткенбіз. Біз мұндай жолды әдіснамалық тұрғыдан дұрысырақ деп есептейміз, өйткені соның арқасында тараптардың міндеттері

мен олардың құқықтық жағдайының басқа да ерекшеліктері жақсы сипатталады (нақтыланады).

Даулы жағдайларды шешу және кінәлі тұлғаларды жауапқа тарту үшін азаматтық құқықтағы жауапкершілік туралы жалпы ережелерді кеңінен қолданған жөн екенін атап өткен дұрыс. Сақтау стандартты шарттың институт, ал жауапкершілік бойынша талап етілмелі ерекшелік оны реттей-тін нормаларда ескерілген.

Сақтау шартында кәсіпкерлермен қатар кәсіпкер еместер де жиі көрінеді. Сондықтан, жалпы ереже бойынша, сақтаушының жауапкершілігі, борышқордың жауапкершілігі сияқты. Оның кінәлі іс-әрекетіне (әрекетсіздігіне) негізделеді. Сақтаушы сақтауға алынған зағгыщ л<оғалғаны, кем шыққаны немесе бүлінгені үшін егер ол заттың жоғалуы, кем шыққаны немесе бүлінуін өзі-нің кінәсінен болмағанын дәлелдемесе, жауап береді. Сақтаушы шарт бойынша басқа міндетте-мелерді орындамағаны, тиісті түрде орындалмағаны үшін де, егер соның салдарынан жүк беруші-ге зиян (залалдар) келтірілсе немесе айып тәлеу түріндегі жауапкершілік санкциялары көзделсе, кінәлі жауапкершілікке тартылады.

Сақтауды өзінің кәсіпкерлік қызметіне орай жүзеге асыратын тұлға, тек заттың жоғалуы, кем шығуы немесе бүлінуі Қазақстан Республикасы Азаматтық іс жүргізу кодексіне [5] сәйкес бұл талаптар тиісті шарттарды сақтаған кезде, бұйрықтық өндіріс тәртібінде қанағаттандырылуы мүмкін. Даудың болуы талап арыздық сот талқылауын қажет етеді, сондықтай 781-баптың 2-тар-мағының нормасы сақтаушыға ерекше артықшылықтарды бермейді.

Дүлей күштің салдарынан не заттың өзіне тән ерекшелігінен, не жүк берушінің қасақана пиғы-лынан немесе ерескел абайсыздығынан болған жағдайларда ғана заттың сақталмағаны үшін жауаптылықтан босатылады. Кәсіптенген сақтаушыға заттың кез келген кездейсоқ жоғалуы, кем шығуы немесе бүлінуі үшін кінәлі жауапкершілік немесе керісінше, жауапкершілік жүктелетінді-гі (сақтау шартымен) көзделуі мүмкін. Бұған әрине, олардың заттың өзіне тән қасиеттері не жүк берушінің қасақана пиғылы немесе дөрекі абайсыздығы салдарынан болатын жағдайлар кірмейді.

Егер мерзімді сақтау шартында көзделген сақтау мерзімі немесе мерзімсіз сақтау шарты бойынша затты қайтып алу үшін сақтаушымен кезделген қисынды мезгіл өткен соң жүк беруші затты қайтарып алмаған болса, сақтаушы өз тарапынан қасақана пиғыл немесе ерескел абайсыз-дық болғанда ғана бұл заттың жоғалғаны, кем шыққаны немесе бүлінгені үшін жауап береді.

Жалпы ереже бойынша жүк берушіге заттың жоғалуы, кем шығуы немесе бүлінуінен келтіріл-ген залалдар сақтаушымен ҚР АҚ 350-бабына сәйкес өтеледі. Яғни, ҚР АҚ 9-бабының 4-тарма-ғына сәйкес анықталатын зиянды толық көлемде өтеу туралы сез болып оғыр. Табыс алу үшін жүк берушімен қолданылған шаралар және осы үшін онымен жасалған дайындықтар ескерілетін болады.

Кез келген жағдайда жоғалған, кем шыққан, бүлінген мүліктің іс жүзіндегі шығынының құны өтелетін болады. Егер сақтауға өткізу кезінде шартта немесе өзге жазбаша құжатта көрсетілген-дей заттың бағалануы жүзеге асырылған болса, сақтаушының жауапкершілігі бағалау сомасына сүйене отырып анықталатын болады. Ол барлық жағдайларда даулана алады.

Ақысыз сақтау кезінде сақтаушының міндеттемелерді бұзғаны үшін мөлшері іс жүзіндегі зиянмен шектелген жауапкершілікті уындайтын болады.

Ақысыз сақтау кезінде жүк берушіге заттың жоғалуынан, кем шығуынан немесе бүлінуінен келтірілген залалдар:

Затты жоғалтқаны немесе оның кем шыққаны үшін - жоғалған немесе кем шыққан заттың қу\_ны мелшерінде;

Заттың бүлінгені үшін - оның құны темендеген соманың мөлшерінде өтеледі.

Егер сақтаушы жауап беретін заттың бүлінуі салдарынан , зат сапасын соншалықты өзгерген-дігінен оны бастапқы мақсат бойынша пайдалану мүмкін болмайтын жағдайда, егер заң актіле-рінде немесе шартта өзгеше көзделмесе, жүк беруші одан бас тартуға жөне

сақтаушыдан бұл зат-тың құнын етеуді, сондай ақ басқа да залалдардың орнын толтыруды талап етуге құқылы.

Егер сақтаушы затты сақтауға қабылдағанда бұл ерекшеліктер туралы білмесе және білуге тиіс болмаса, жүк беруші сақтаушыға заттың өз ерекшеліктерінен туындаған залалдардың орнын толтыруға міндетті.

1. Годэмэ Е. *Общая теория обязательств*. - М: Юриздат, 1948. - С. 73.
2. Төлеугалиев Ф.И. *Қазақстан Республикасының азаматтық құқығы (оісалпы бөлімі)*. - Алматы: Жеті жарғы, 2001 - 278 б.
3. Кротов М.В. *Обязательства по оказанию услуг в гражданском праве*. - 77., 1990. — 178 С.
4. Лаасик Э. *Гражданское право. Особенная часть*. - Таллин, 1990. - 778 С.
5. *Қазақстан Республикасының 2007 оіс. 13 иілдедегі Азаматтық іс жургізу кодексі*. - Алматы: Жеті жарғы, 2008. - 356 б.

### **Резюме**

В данной статье рассматриваются некоторые вопросы ответственности за нарушение договора хранения.

### **Summary**

In given article it is considered some questions of liability of infringement of the contract of storage.

## **ӨТЕЛМЕЛІ ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ ШАРТЫНЫҢ ҚҰҚЫҚТЫҚ ТАБИҒАТЫ**

*Д.Ж. Белхожаева - Азаматтық құқықтық  
пәндер кафедрасының аға оқытушысы*

Өтелмелі қызмет көрсету шарты бойынша орындаушы тапсырысшының тапсырмасы бойынша қызмет көрсетуге (белгілі бір іс-әрекет жасауға немесе белгілі бір қызметті жүзеге асыруға) міндеттенеді, ал тапсырысшы бұл қызметті көрсетуге ақы төлеуге міндеттеледі. [1]

Өтелмелі қызмет көрсету шарты консенсуалды, ақылы, екі жақты және қосылу және жария шарт. Қызмет көрсету үшін белгілі бір уақыт керек, сондықтан шарт бойынша шарт жасасу кезі және оның орындалу кезі сәйкес келмеуі мүмкін. Өз кезегінде бұл оларға тәуелділікке мердігердің жұмыс орындары қойылатын мерзімдерге эсер етеді. Кейде өтелмелі қызмет көрсету шартының орындалуы және жасалуы бір уақытта болуы мүмкін, мысалы, суретке түсіру шарттары «тез» фотосуреттер дайындаумен байланысты міндеттеменің осындай мерзімдерінің ерекшелігі олардың барынша қысқалығы болады, және осы міндеттеме жасайтын шарттың тапсырысшының себептенуші негізінде болуы мүмкін.

Өтелмелі қызмет көрсету шарты оның субъектілеріне, бағасына қарай жазбаша нысанда бекітілуге тиіс, не ауызша нысанда да бекітілуі мүмкін. Себебі көп жағдайда өтелмелі қызмет көрсету шарты қосылу шарты болып табылады. ҚР АҚ-нің 389-бабына сәйкес, ережелерін тараптардың біреуі формулярларда немесе өзге стандартты нысандарда белгіленген және басқа тарап оны ұсынылған шартқа тұтастай қосылу жолы деп қабылдай алатын шарт қосылу шарты деп танылады. өтелмелі қызмет көрсету шартының ережелері тараптардың біреуі формулярларда немесе өзге стандартты нысандарда белгілейді.

Бұл шартты реттейтін нормалардың мағынасынан байқағанымыздай, шарттың мәнді жағдайлары болып оның пәні мен бағасы туралы жағдайлар табылады.

Шарттың тараптары - атқарушы мен тапсырысшы. Мұнда мердігерлік шарттармен белгілі бір ұқсастық байқалады. Бір тарапқа атқарушы мәртебесін беру оның алдағы әрекетінің шарт аясын-дағы тапсырысшыдан түсетін тапсырмамен алдын ала келісіп қоятындығын білдіреді. [2, 18 б.]

Тапсырысшы - екінші тарапқа - шарт бойынша келісілген көрсетілетін белгілі бір іс-әрекетті қабылдайтын, қызмет көрсетуге тапсырыс беретін тұлға. Тапсырысшы ретінде азаматтық-құқық-тық қатынастарының кез келген тұлғасы бола алады.

Атқарушылар ретінде кез келген жеке немесе заңды тұлғалар болуы мүмкін. Көп жағдайда шарт бойынша белгілі бір қызмет көрсетуге міндеттенетін тұлға, көбінесе кәсіпкерлік қызметінің субъектісі, жеке тұлға немесе жеке кәсіпкер, коммерциялық заңды тұлға бола алады. Өтелмелі қызмет көрсету шартын жүзеге асыру үшін атқарушы міндетті түрде өз қызметінің бағытын айқындау үшін лицензия алуы тиіс. Қазақстан Республикасының 7 қаңтар 2007 жылғы «Лицензиялау туралы» заңының 10-бабына сәйкес, азаматтарға және заңды тұлғаларға қызмет көрсетуге байланысты қызметті лицензиялау қалыптары көзделген. [3]

Қазақстан Республикасының 7 қаңтар 2007 жылғы «Лицензиялау туралы» заңының 10-бабына сәйкес, азаматтарға және заңды тұлғаларға қызмет көрсетуге байланысты мынадай қызмет түрлері лицензиялауға жатады:

1) жалпы бастауыш, жалпы негізгі немесе жалпы орта білім; кәсіптік бастауыш білім, оның ішінде кәсіптер бойынша; кәсіптік орта, кәсіптік жоғары, жоғары оқу орнынан кейінгі кәсіптік білім, оның ішінде мамандықтар бойынша білім беретін заңды тұлғалардың білім беру қызметі, сондай-ақ мектепке дейінгі және мектептен тыс ұйымдардың қызметі;

1-1) білім беру ұйымдарындағы қызметті қоспағанда дене шынықтыру-сауықтыру, спорт қызметтерін көрсету бойынша;

2) медициналық, дәрігерлік қызметпен айналысу;

2-1) ветеринария саласындағы қызмет: ветеринариялық мақсаттағы препараттарды өндіру және өткізу; ветеринариялық мақсаттарға арналған дәрілік заттарды, биологиялық препараттарды өткізу; жануарлардан алынатын өнімдер мен шикізаттарға ветеринариялық-санитарлық сараптама жүргізу; ветеринариялық емдеу - профилактикалық қызмет; мемлекеттік емес субъектілердің із кесу (детективтік) қызметіне байланысты заң қызметін көрсетуі;

3) адвокаттық қызмет;

4) нотариаттық қызмет;

5) электрондық цифрлық қолтаңбаның ашық кілтін электрондық цифрлық қолтаңбаның жабық кілтіне сәйкестігін куәландыру жөніндегі, сондай-ақ тіркеу куәлігінің дұрыстығын растау жөніндегі қызмет;

7) лотереялар (мемлекеттік (ұлттық) лотереядан басқа) ұйымдастыру және оларды өткізу; 7-1) ойын бизнесі саласындағы қызмет;

8) мүлікті бағалау жөніндегі қызмет;

9) заңды және жеке тұлғалардың күзет қызметін жүзеге асыруы;

10) кредиттік бюроның қызметі.

Мысалы, атқарушы ретінде білім беру ұйымдарын жатқызуға болады. ҚР «Білім туралы» заңының 9-бабы сәйкес, бір немесе бірнеше білім беру бағдарламаларын іске асыратын және (немесе) білім алушылардың, тәрбиеленушілердің күтімі мен тәрбие алуын қамтамасыз ететін заңды тұлғалар білім беру ұйымдары болып табылады. [4]

Білім беру ұйымдарын Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жеке және заңды тұлғалар (кұрылтайшылар) құрады.

Білім беру ұйымдарының қызметі Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітетін тиісті үлгіде-гі Білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік ережелерімен және солардың негізінде әзірленген жарғылармен реттеледі.

Білім беру ұйымының білім беру қызметін жүргізу құқығы лицензия алған кезден бастап туындайды және Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен ол қайтарып алынған немесе жарамсыз деп танылған сәттен бастап тоқтатылады.

Білім беру ұйымының мәртебесін (үлгісін, түрін) оның құрылтайшылары айқындайды және осы Заңның талаптары, білім беру қызметін лицензиялау кезіндегі біліктілік талаптары, тиісті үлгідегі Білім беру ұйымдары қызметінің үлгі ережелері ескеріле отырып, оның жарғыларында көрсетіледі.

Білім беру ұйымдарының мәртебесін растау немесе өзгерту мемлекеттік аттестаттау қорытын-дылары бойынша жүзеге асырылады. Білім беру ұйымдары:

1) мемлекеттік (білім беру мекемелері және білім беру кәсіпорындары);

2) жеке меншік болуы мүмкін. Білім беру ұйымдары:

1) мектепке дейінгі, мектептен тыс, арнаулы және жетім балалар мен ата-анасының қамқорлы-ғынсыз қалған балаларға арналған ұйымдар;

2) жалпы орта, кәсіптік бастауыш, кәсіптік орта, жоғары кәсіптік, жоғары оқу орнынан кейінгі кәсіптік және қосымша кәсіптік білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын оқу орында-ры болып бөлінеді.

Білім беру ұйымдары түрлерінің номенклатурасын Қазақстан Республикасының білім беру саласындағы орталық атқарушы органы бекітеді,

Жеке адамды тәрбиелеуде, оқытуда, кәсіби қалыптастыруда аса зор үлес қосқан жекелеген мемлекеттік білім беру ұйымдарына Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімімен ерекше мәр-тебе берілуі мүмкін.

Жекелеген жағдайларда ерекше мәртебені Қазақстан Республикасының Президенті беруі мүмкін.

Білім беру қызметін лицензиялау ҚР білім туралы заңының 12-бабына орай, ведомстволық бағыныстылығына және меншік нысанына қарамастан, заңды тұлғалардың (бұдан әрі - лицензиат) білім беру қызметі Қазақстан Республикасының лицензиялау туралы заңдарына сәйкес лицен-зиялануға тиіс.

Білім беру ұйымдарының филиалдары олар үшін лицензияға жеке қосымшалар беріле оты-рып, білім беру ұйымдарының құрамында лицензияланады. Филиал туралы Ереже мен тіркеу құжаттары лицензиарға табыс етілуге тиіс.

Білім беру қызметін жүргізу құқығына лицензияны (рұқсатты) білім беруді басқаратын мемлекеттік орган (лицензиар):

1) жалпы бастауыш, жалпы негізгі немесе жалпы орта және кәсіптік бастауыш білім беретін заңды тұлғаларға, сондай-ақ мектеп жасына дейінгі және мектептен тыс ұйымдарға - облыстық, республикалық маңызы бар қала мен астананың білім беру басқармалары (департаменттері);

2) кәсіптік орта, кәсіптік жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі кәсіптік білім беретін білім беру ұйымдарына - Қазақстан Республикасының білім беру саласындағы орталық атқарушы органы;

3) жалпы орта білім беретін халықаралық, шетелдік, мемлекеттік емес, сондай-ақ республика-лық бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік білім беру ұйымдарына Қазақстан Республи-касының білім беру саласындағы орталық атқарушы органы береді.

Халықаралық және шетелдік оқу орындары немесе олардың Қазақстан Республикасының аумағында құрылған филиалдары Қазақстаи Республикасының оқу орындары сияқты шартпен және сондай тәртіппен лицензиялануға тиіс.

Лицензия алу үшін мынадай құжаттар қажет:

1) нысанын Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітетін белгіленген Үлгідегі арыз;

2) лицензиаттың біліктілік талаптарына сәйкестігін растайтын құжаттар;

3) қызметтің жекелеген түрлерімен шұғылдану құқығы үшін лицензиялық алым төлегенін растайтын құжат;

4) мемлекеттік тіркеу туралы куәліктің көшірмесі;

5) жұмыс бабындағы оқу жоспарлары;

6) штаттағы оқытушылардың бар екенін растайтын құжат;

7) дербес оқу - материалдық базасының бар екендігін растайтын құжаттар.

Лицензиялар құжаттар тапсырылған күннен бастап екі ай мерзімнен кешіктірілмей беріледі.

Лицензия беруден бас тартылған жағдайда лицензия беру үшін белгіленген мерзім ішінде өті-

ніш берушіге жазбаша түрде дәлелденген жауап қайтарылады.

Кәсіптік мектептердің, кәсіптік лицейлердің, колледждер мен жоғары оқу орындарының білім беру қызметін олар үшін жаңа кәсіптер мен мамандықтар бойынша лицензиялау, оларда лицензиялардың болуына қарамастан, жалпы негіздерде жүргізіледі, Лицензиардың қажет болған жағдайда лицензияны беру, кері қайтарып алу немесе оның қолданылуын тоқтата тұру мәселелерін алқалы түрде және жария қарау үшін консультациялық-кеңесші орган құруға құқығы бар. Лицензиардың білім беру қызметін жүргізу құқығына берілген лицензияны кері қайтарып алуға немесе оның қолданылуын тоқтата тұруға құқығы бар.

Лицензияның қолданылуын алты ай мерзімге дейін тоқтата тұруға: корсеткіштердің білім беру қызметін лицензиялау кезінде қойылатын біліктілік талаптарымен белгіленгеннен төмендеп кетуі; білім беру сапасының мемлекеттік жалпы міндетті білім беру стандарттарына сәйкес кел-меуі негіз болады.

Лицензияны кері қайтарып алуға: лицензиаттың лицензиядағы талаптарды орындамауы; лицензиатқа өзінің жүзеге асыруына лицензиясы бар қызмет түрімен айналысуына соттың тыйым салуы; лицензияның қолданылуын лицензиар тоқтатқан себептердің жойылмауы; лицензиаттың лицензия алу кезінде көрінеу дәйексіз ақпарат беруі негіз болып табылады. Біліктілік талаптары мен білім беру қызметін лицензиялау тәртібін Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітеді.

Білім алушылар мен тәрбиеленушілердің құқықтары мен міндеттері осы заңның 36-бабында ашып көрсетілген.

Қазақстан Республикасы азаматтарының, штелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдардың білім беру ұйымын және қабылдау шарттарына сәйкес білім алу нысандарын таңдауға құқығы бар.

Білім алушылар тілек білдірген жағдайда білім беру ұйымы олармен тараптардың құқықтары мен міндеттері корсетілетін оқу шартын (келісім-шартын) жасасуға міндетті.

Азаматтар ақылы оқуға түскен кезде білім беру ұйымы олармен білім беру қызметін ақылы көрсету шартын жасасуға міндетті.

Білім алатын азаматтар білім алушылар немесе тәрбиеленушілер болып табылады. Білім алу-шыларға оқушылар, студенттер, магистранттар, курсанттар, тыңдаушылар, тағлымдамадан өту-шілер, аспиранттар, адъюнктер және докторанттар жатады. Тәрбиеленушілерге мектепке дейінгі, интернаттық ұйымдарда оқитын және тәрбиеленетін адамдар жатады.

Өтелмелі қызмет көрсету шартында атқарушы болу үшін арнайы дағды, дәрежелі мамандық қажет. Сонымен бірге «арнайы» субъектімен байланысып отырмыз. Егер атқарушы жеткілікті дайындықта болмаса, онда оның шартқа отыруы құқықтық маңызға ие болмайды. Тиісті емес субъектінің қатысуымен жасалған мәміле орын алған нақты жағдайларға қарай сол немесе басқа бір негіздер бойынша жарамсыз деп танылуға тиіс. Мысалы, біреу тапсырысты орындау үшін талап етілетін білімдер, дағдылар және т.б. бар екендігі туралы тапсырысшыны қасақана жаңы-лыстыруы мүмкін, онда мәміле (өтелмелі қызмет көрсету шарты) алдау салдарынан жасалғандық-тан жарамсыз деп танылуға тиіс. Жоғарыда айтқандай өтелмелі қызмет көрсету шарты жаға институт болғандықтан оның субъектілік құрамының өзекті мәселелері әлі жан-жақты ұғынылған жоқ.

Кейбір жағдайларда қызмет көрсету жөніндегі қызмет кәсіпкерлік қызметтің белгілеріне кіріп кетеді, сол себепті атқарушының қатысуы мүмкін болу үшін шартта, оны бекіту сәтінде, оның кәсіпкерлік қызметтің субъектісі болуы талап етіледі.

Кейбір жағдайларда қызмет көрсету жөніндегі қызмет кәсіпкерлік қызметтің белгілеріне іріп кетеді, сол себепті атқарушының қатысуы мүмкін болу үшін шартта, оны бекіту сәтінде, оның кәсіпкерлік қызметтің субъектіеі болуы талап етіледі.

Мысалы, байланыс, соның ішінде телеком муникацияның жергілікті жүйелер, қызметтің МСТ операторлары көрсетуі мүмкін. Оларға өз кезегінде меншік нысанына қарамастан, лицензиясы бар заңды тұлғалар жатады. Білім беру қызметін көрсету мәселесі күрделірек болып табылады. Бұл мәселе білім беру процесінің кім болатындығына байланысты емес. Керісінше, бұған қатыс-ты мұндатолық айқындылық бар. Мәселе білім беру ұйымдарын кәсіпкерлік қызметтің субъекті-леріне жатқызу немесе жатқызбауымызда мүмкін. Заңнама мәнісіне сүйенсек олар ондай болып табылмайды. Сондай-ақ, нотариустармен, адвокаттармен, аудиторлармен, дәрігерлермен және т.с.с. Көрсетілетін қызметке байланысты жағдайлар өзекті болып табылады. Кәсіпкерлік белгіле-рін отбасы дәрігеріне қолдануға болады.

Оның пікірталас тудыруы мүмкін болғанымен; қызмет көрсетудің барлық өзге қырлары мен субъектілері жөнінде де тиісті түрде бағдарланып алу уақыты келген сияқты екенін атап өткіміз келіп отыр. Азаматтық кодексте немесе басқа заңды актіде өтелмелі қызмет көрсету шартына қатысты кәсіпкерлік қызмет субъектілерінің түсінігін жасап шығарылуға тиіс. Мұндай түсініктің негізгі тәжірибелік маңызы оның қайсыбір субъектінің қандай да бір қатынастарға қатысу мүм-кіндігінің белгілерін негізді түрде қолдануға мүмкіндік беретінімен байланыстыруға тиіс. Кейбір жағдайларға білім, патент туралы дипломды дайындаудың заңға сәйкес куәландырылуының болуы жеткіліксіз болып қалуы мүмкін. Кәсіби субъектінің параметрлері шешілетін міндеттердің күрделілік деңгейіне сүйене отырып түзетілуге тиіс.

Осы тұста өтелмелі қызмет көрсету қатынастарының тағы бір жеке тұлғалық қыры ашылады. Кейбір жағдайларда тапсырысшы тапсырыс аясында жүзеге асырылатын әрекеттер үшін гаиа емес, сонымен бірге атқарушының кәсібилік, тәжірибелік және шеберлік деңгейі үшін де төлеуі мүмкін.

Кәсіби субъекті түсінігін жасап шығарудың тағы бір тәжірибелік маңызы бар сәті - ол қатыса-тын міндеттеменің режимін анықтаумен байланысты. Оған кәсіпкерлік міндеттеме туралы ереже-лерді қолдану орынсыз болар. Бірақ, өтелмелі қызмет көрсету үшін маманның қызметіне жүгі-нетін субъектінің мүдделерін неғұрлым сенімді кепілдендіруге мүмкіндік беретін жеке ойға қонымды параметрлер анықталуға тиіс.

Тапсырысшы ретінде ешқандай шектеулерсіз қандай да бір заңды қызметтерді қажет ететін кез келген тұлға бола алады.

Өтелмелі қызмет көрсету шартының пәні - шарт бойынша атқарушы жүзеге асыратын қандай да бір әрекеттер. Өтелмелі қызмет көрсету шартының пәні болып заттандырылған көрініс табылмайды. Қызмет көрсетудің нәтижесін реттеу құқықтық маңызға ие емес. Өтелмелі қызмет көрсету туралы шарттың мердігерлік шарттан түбірлі ерекшелігі осында. Соңғысында белгілі бір шамада мердігер қызметінің нәтижесі ие болады, ол салынған гимараттан, жазылған кітаптан, шаштаразға жүгінгенде сәнді бапталған шаштан және т.с.с. көрінуі мүмкін.

Білім беру қызметін көрсету (басқа да қызметтүрлеріндегідей) туралы шартта қызмет көрсету нәтижесіне кепілдік беру мүмкін емес. Жоғары оқу орны студентті барлық талаптарға сай оқы-туы мүмкін, бірақ студенттің өзі тиісті деңгейде білімді меңгере алмауы да мүмкін. Соған қарамастан жоғары оқу орны білім беру қызметтерін тиісті түрде көрсетті деп танылады. Яғни, кейбір жағдайларда қызмет көрсету нәтижесі тікелей атқарушы қызмет арқылы бағаланады. Егер ол шартқа қалыптасқан әдеттегі талаптарға сай болса, және атқарушы тарапынан қателіктер орын алмаса, онда нәтижеге (жалпы түрде) қол жеткізілді деп есептеледі немесе тапсырысшы белгілі бір нәтижеге қол жеткізу немесе жеткізбеу қаупін өз мойнына алады.

Біз М.В. Кротовтың бір қызмет өтелмелі қызмет көрсету туралы нормалармен және мердігер-лік шарт туралы нормаларынан да реттеле алады деген пікірімен келісе алмаймыз. [5, 96 б.] Ауызша нысанда берілген аудиторлық фирманың кеңесі қызмет

корсету жөніндегі қатынастармен қамтылады, ал сол аудиторлық фирманың жазбаша қорытындысы мердігерлік шарт туралы нор-малармен реттелуге тиіс деген пікір туралы сөз болып отыр. Біріншіден, бұл жерде эртүрлі қатар-дағы ұғымдар салыстырылып отыр. Кеңес беру - бұл қызмет пәні, ал қоры-тынды, аудиторлық фирмамен және қорытынды жасайтын кез келген субъектімен, нәтижеге (бастапқы ақпаратты талдау негізінде шығарылған жалпы түйінге) қол жеткізу жүргізілетін болғандықтан, мердігерлік шарттың пәні екені айқын. Қандай қорытындылар жасалғаны, жүргізілген талдау мен жалпылау деңгейінің қандай екені аса зор маңызға ие және ол мердігер қызметінің соңғы нәтижесі ретінде бекітіледі.

Кеңес берушілік атқарушы қызметінің өнімімен тұрмауы мүмкін, ол тек қолда бар ақпаратты беру ғана болуы мүмкін. Яғни, қарапайым кеңес, қандай нысанда берілгеніне қарамастан, қызмет корсету болып табылады. Жазбаша кеңес беру кезінде ақпаратты тек бекіту туралы сөз болып отыр, оны диктафонның және т.б. көмегімен жазып алуға да болады емес пе? Кеңес беру (қызмет корсету) кезінде берілген ақпараттың мазмұны маңызды емес деуге болмайды. Ақпарат тиісті және тапсырысшының тапсырмасына сәйкес болуға тиіс.

Атқарушы тапсырысшының тапсырмасына, яғни шартжағдайларына сәйкес қызмет көрсету-ге міндетті. Сондай-ақ, қызмет мазмұны заңнамамен, анықталуы қалыптасқан жағдайдан, іскерлік айналым әдетінен туындауы мүмкін, Әдетте, атқарушы қызметті өзі көрсетуге міндетті. Яғни, мұнда мердігерлік шарты бойынша (субмердігерлік қатынастарға қатысты сияқты), қызмет көрсетуді басқа тұлғаға қайта тапсыру мүмкіндігі туралы жалпы шартта атқарушының қызмет көрсетуді басқа тұлғаға жүктеу туралы құқығы көзделуі мүмкін. Мұндай жағдайларда субмердігерлік туралы ережелер қолданылуға тиіс. Бүкіл қызмет көрсету мөлшерін орындауға алғашқы шарт жасаған және басқа тұлғаларды тартқан тұлға бас мердігер деп аталады. Тартылған тұлға қосалқы мердігер болып табылады. Алғашқы мердігер оның алдында тапсырысшы болады. Жалпы тәртіп бойынша қосалқы мердігерлік шартты жасауға тапсырысшының келісімінің керекті жоқ. Бас мердігер тапсырысшының алдында мердігерлік шартының толығымен орындалуына жауапты болады.

Бас мердігердің келісімімен, тапсырысшы жекелеген жұмыстарды орындауға үшінші тұлғалармен шарт жасауға құқылы. Мердігердің келісімі барлық жұмыс орындайтын тұлғалардың іс әрекеттерін үйлестіру қажет болғасын талап етіледі, болмаса бас мердігердің құқықтары мен мүдделері тікелей немесе жанама зиян шегуі мүмкін. Алғашқы мердігер және үшінші тұлға тапсырысшының алдында іс жүзінде ортақ борышкерлер болып келеді, себебі олардың жасаған ақырғы нәтижесі де байланысты болады. Құқықтық мағынада эрине, олар бөлек бір-біріне байланысты емес құқықтық қатынастардың субъектілері, өйткені олардың эрқайсысымен бөлек шарт-тар жасалады. Тапсырысшы ең басында бірнеше тұлғалармен бір шарт жасасуы мүмкін осы жағдайда тұлғалардың көптілігі орын алған бір міндеттемелік құқықтық қатынас пайда болады. Жоғарыда сипатталған және осы жағдайлардың кейбір айырмашылықтары орын алады. Бір мердігердің шартын жасаудың себебі болып міндеттеме затының бөлінбейтіні келуі мүмкін, сондықтан мердігерлік, кәсіпкерлік қызметімен байланысты болуы себебінен бірнеше борышкер тапсырысшының алдында ортақтасқан борышкерлер болып келе алады.

Бірнеше мердігерлер өзара қосымша келісімдер жасауы мүмкін және олардың мәні де төмен емес, өйткені оларсыз жұмыстарды орындау тәртібінде түсініспеушіліктер пайда болуы мүмкін. Басқа жағынан, қосымша келісімдер, олар аталғандай мәселелерді шешуге көмектесетініне қарамастан, өзге тұрғыдағы мәселелердің пайда болуына әкелуі мүмкін.

Ю.Басин мынадай мысал келтіреді: төрелік сот тәжірибесінде үш жеке орындаушы тапсырысшы үшін ортақ төлем ақыны алып бір жұмысты орындауға келіскен соң пайда болған дау орын алды. Алғашқы (негізгі) шартты жасасқан соң мердігерлер алынатын ақыны өзара бөлуге байланысты келісім жасасқан болатын. Көп кешікпей, тапсырысшы мердігерлердің біреуінің қызметінен бас тартқан бірақ сол мердігер басқа мердігерлерден



соманың 35 пайызын құрайтын өз үле-сін беруді талап еткен. Мұны ол ақыны белу туралы мердігерлердің өзара келісіміне сүйеніп жасаған және шарт бойынша төлемақыны белу туралы келісімде сол шарттың біреуге қатысты тоқтатудың салдары қарастырылмағанға сілтенген. [6, 56 б.]

Келтірілген мысалды талдай мұндай талаптарды, олар ақыны белу туралы акцессорлық келі-сімге негізделген соң негізгі шарт тиісті бөлігінде тоқтатылғасын негізді деп тануға болады. Қосымша мердігер өзара келісімдермен тапсырысшының құқықтық жағдайын өзгерте ала алмай-тыны туралы қорытынды жасай аламыз.

Өтелмелі қызмет көрсетуді реттеуде атқарушының қызмет көрсетуден бір жақты түрде бас тарту құқығын шектейтін норманың аса зор маңызы бар. Заңнама тараптардың нақты жай-күйін, олардың құқықтық мүдделерін ескереді. Өйткені қызмет көрсету кезінде, бір жағынан, әдетте кәсіпкерлік қызметтің субъектісі немесе кәсіби субъект (біздің ұсынған түсіндірмемізге сәйкес) шығады, ал екінші жағында, тұтынушы тұрады, сондықтан оның құқықтарын қамтамасыз ету қажеттілігі болады.

Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің 686-бабының 2-тармағына сәйкес, атқару-шы тапсырысшының кінәсінен болған жағдайларды қоспағанда, өтелмелі қызмет көрсету шарты бойынша міндеттемелерді орындаудан тапсырысшыға шартты бұзудан келтірілген залалды толық өтегенде ғана бас тартуға құқылы.

Тапсырысшының тапсырмасына сәйкес, қызмет көрсету міндетінің болуы, егер шартты бекіту кезінде, ол жалпы түрде берілсе, соңғысына атқарушының тапсырмасын нақтылау міндеті жүкте-луі мүмкіндігін қамтамасыз етеді. Тапсырысшының өз міндеттерін орындамауы оның жауапкер-шілігіне және атқарушымен шартты бұзу мүмкіндігіне алып келуге тиіс.

Өтелмелі қызмет көрсетудің ерекшелігі тапсырысшы тапсырмасының көп жағдайда, мердігер-лік шарт бойынша берілетін тапсырысшының тапсырмасына қарағанда, нақтырақ болмауында. Тапсырманы нақтылау дәрежесі атқарушыға өзі жүзеге асыруға тиіс әрекеттерді олардың көлемін бірізділігін және т.с.с. жеке дара анықтауға мүмкіндік беруге тиіс.

Өтелмелі қызмет көрсету шарты бойынша мердігерлік шартында көзделетіндей атқарушының нәтижені тапсырысшыға тапсыру міндеті және тапсырысшының оны сондай күйде қабылдап алу міндеті белгіленбейді. Тапсырысшы атқарушының қызметіне өтелмелі қызмет көрсету шартында кезделген мерзімдер мен тәртіпте ақы төлеуге міндетті. Ақы төлеу нысанының тәсілі мен тәртібі-нің жолдары көп болуы мүмкін. Мәселен, қызмет көрсету шарты бойынша алдын ала қаржылан-дыру, аванстық телемдер және т.б. жүргізу жоққа шығарылмайды.

Жалпы ереже бойынша тапсырысшы көрсетілген (нақты жүзеге асырылған) қызметтерге ақы төлеуге міндетті. Бірқатар жағдайларда өтелмелі қызмет көрсету шарттары тұтынушы шарттар, қосылу шарттары болып табылады. Солар бойынша көзделетін сыйақының мөлшері атқарушы-ның тарифтерінің ставкаларына сәйкес, ал кей жағдайларда, антимонопольды органмен келісілген тарифтер, ставкалар бойынша анықталады. Мемлекеттік қазыналық кәсіпорындармен қызмет көрсе-тілгенде тарифтердің орталықтандырыла белгіленген ставкаларын қолдану да жоққа шығарылмайды.

Өтелмелі қызмет көрсету шартын тапсырысшының кінәсінен орындау мүмкін болмаған жағдайларда егер заң актілерінде немесе шарттың езінде езгеше көзделмесе, көрсетілген қызметке ақы толық көлемінде төленуге жатады. Орындаудың мүмкін болмауы тараптардың ешқайсысы жауап бермейтін мән-жайлар бойынша көзделмесе, тапсырысшы атқарушыға оның іс жүзінде шыққан шығындарын өтейді.

*1. Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексі 1999 ж. 16 шілде // Юрист анықтама жүйесі*

*2. Брагинский М.И, Витрянский В.В. Договорное право. Книга третья. - М., 2002. - 897 С.*

3. ҚР лицензиялау туралы 2007 ж. 7 қаңтардағы заңы // Юрист анықтама жүйесі
4. Қазақстан Республикасының білім туралы заңы // Юрист анықтама жүйесі
5. Кротов М.В. Обязательство по оказанию услуг в советском гражданском праве. ~ Л., 1990. - 96 С.
6. Басин ЮТ. Обязательство по оказанию услуг. - Алматы., 1995. 115. С.

### Резюме

В данной статье рассматривается правовая природа договора возмездного оказания услуг.

### Summary

In given article the legal nature of the contract rendering of services is considered.

## ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДАҒЫ БАНКТІК ҚҰҚЫҚТЫҚ-ҚАТЫНАСТАРДЫ НОРМАТИВТІК ҚҰҚЫҚТЫҚ РЕТТЕУДІҢ МӘСЕЛЕЛЕРІ

**Б.Ж. Сапаров** - азаматтық құқық және азаматтық іс жүргізу, еңбек құқығы кафедрасының аға оқытушысы, әл-Фараби атындағы ҚазҰУ

Құқықтық әдебиеттер мен ғылыми еңбектерге жасалған талдау жұмыстарының нәтижесінде заңгер-ғалымдардың басым көпшілігінің пікірлері бойынша банктік құқық банктік қызметке қатысты, яғни, банктер мен басқа да несиелік мекемелердің құқықтық жағдайларын бекітетін, банктердің жариялы қатынастарын, сондай-ақ, банктердің ез клиенттерімен екіарадағы жеке-құқықтық қатынастарын реттейтін нұсқаулардан тұратын құқық нормаларының жиынтығы ретінде түсіндіріледі. [1, 15]

Сонымен, банктік құқықтың мазмұнын анықтау үшін банктік қызметтің түсінігін анықтап алу қажет. Теориялық тұрғыдан алғанда, банктер тарапынан атқарылатын қызмет түрлерінің барлығының жиынтығын және банктердің қатысуымен туындайтын барлық құқықтық қатынастарды банктік қызмет деп анықтауға, яғни, банктік құқықтың реттеу пәні деп қарастыруға болады. Алайда, бұл банктік қызметтің анықтамасын сипаттауға деген ат-үсті қараушылық болар еді. Банктердің атқаратын қызмет түрі есеп айырысумен немесе несие берумен шектеліп қоймайды, олар өзінің банктік қызметін жүзеге асыру үшін қажетті құрал-жабдықтарды сатып алады, қызметкерлермен еңбек келісім-шарттарын жасайды, өзінің зейнеттік қорларын қалыптастырады, ғимараттар құрылысын жүргізеді немесе сол құрылысқа тапсырыс береді, келік құралдарын сатып алады немесе көлік құралдарын жалға алады және банктің қызметін жүзеге асыру үшін қажетті басқа да шаралар мен қызмет түрлерін іске асырады. Қарап отырсақ, осы жоғарыда аталған қызмет түрлерінің барлығын ортақ белгілері бойынша бір топтастыру мүмкін емес.

Банктік қызметтің анықтамасын осылайша субъектілік белгісіне қарай сипаттау жеткіліксіз секілді. Демек, қажетті дәрежедегі анықтама алу үшін субъектілік белгіден басқа, объектілік немесе басқаша айтқанда, пәндік белгіні де қолданған жөн болар еді. Банктік құқықтың анықта-масын объектілік немесе пәндік белгісі бойынша сипаттау банктік қызметке маңызды ерекшелік береді, оның мәні және мазмұнын ашады.

Банктік қызметтің анықтамасын беру үшін бірінші кезекте банктік құқықтың құқықтық құралдарын қолдану арқылы реттелетін қоғамдық қатынастардың шеңберін түсініп, анықтап алу керек. Бұл жерде банктік қызметті сипаттайтын бірқатар экономикалық белгілерді басшылыққа алу да ақылға сыйымды болар еді.

Әр түрлі елдердің заңнамаларын немесе құқық және экономика саласындағы әдебиеттерге талдау жұмыстарын жүргізу банктер немесе несиелік мекемелер қаржылық құралдармен, айта-лық, ақшамен, бағалы қағаздармен, валюталық құндылықтармен қандай да бір іс әрекеттерді жасау барысында банктік қызмет туралы айтуға

болатындығына негіз болады. Осы аталған объектілердің банктік құқықтың анықтамасы мен мазмұнына ықпалының деңгейін және ерекше-ліктерін ашу үшін оларды нақтырақ қарастырайық.

Банктік қызметтің сипаттамасы, осы банктік қызметті жүзеге асырудың экономикалық және құқықтық қажеттіліктері қаржылық құралдардың айналымы саласындағы құқықтық қатынастар-ды реттейтін нормалар мен институттар жүйесі ретіндегі банктік құқықты алдын ала анықтайды және осы құқық саласының қажеттілігін өзекті мәселеге айналдырады.

Банктік қызметті реттейтін нормативтік құқықтық актілерді талдау заңгер-ғалымдардың ой-тұжырымдарын үш топқа белуге болады негіз береді. Біріншіден, банктік қызметті реттейтін нормалар құқық саласы ретінде қарастырылады. Екіншіден, олар заңнаманың ерекше саласын құрай-ды. Үшіншіден, бұл мәселені мүлдем қарастырмайтын немесе жалпы ережелермен және ескертулермен шектеліп қана қоятынды.

Заңгер-ғалымдардың басым көпшілігінің еңбектерінен авторлардың құқық жүйесіндегі банк-тік қызметті реттейтін нормаларды қарастыра отырып, оны жеке құқық саласы ретінде талдамай-тындығын байқауға болады. Олардың пікірінше, банктік құқық жалпы қоданыста жүрген ұғым (термин) ғана. Банктік қызметті құқықтық реттеудің өзекті мәселелерінің бірі - осы салада жүзе-ге асырылатын қоғамдық қатынастардың, яғни, банктік құқықтық қатынастардың жеке дара құқық саласының реттеу пәні болып табылатындығын негіздеу болып табылады.

Банктік қызметті құқықтық реттеудің өзекті мәселелерін шешу ғалымдардың банктік қызмет мәселелерін зерттеудегі көзқарастарын анықтайды. Демек, банктік қызмет саласында пайда болатын қоғамдық қатынастарды құқықтық реттеуді жетілдіру жөніндегі ұсыныстардың туындауына негіз болады.

Банктік құқықтың құқық саласына қатыстылығына байланысты М.М. Агарков «банктік құқық негізінен сауда құқығының банктерге арналған арнайы бөлімі болып табылады және банктік құқықпен айналысу азаматтық құқықпен танысуды білдіреді, несие теориясымен және ақша айналымымен мұқият танысып шығуды талап етеді» деп жазады.

И.С. Гуревич «банктік құқық қаржылық құқықтың құрамына кіретін құқық саласы болып табылады» деп есептейді. [2, 16]

Қазақстандық авторлар Л.Давыдова және Д.Раймоновтың ойларына, банктік құқық қаржы-лық, әкімшілік және азаматтық құқықтардың үштасу негізінде қалыптасатын кешенді құқық саласы болып табылады. [3, 211-214]

Л.Г. Ефимованың да ойы осыған ұқсас. Дәлірек айтар болсақ, Л.Г. Ефимова «банктік құқық-пен реттелетін қоғамдық қатынастарды жеке құқық саласының пәнін құрайтындай айрықша деп тануға болмайды. Аталған қоғамдық қатынастар Л.Г. Ефимованың пікірінше, әр түрлі құқық салаларының нормаларымен, негізінен, азаматтық, қаржылық, әкімшілік құқық нормаларымен реттеледі. [4, 288]

МЛ. Коганның ойынша, «банктер қатысатын құқықтық қатынастар шаруашылық-құқықтық қатынастар болып табылады және шаруашылық құқықпен реттеледі».

А.И. Худяковтың пікірінше, банктік құқық кешенді құқықтық институт болып табылады және қаржылық құқық пен азаматтық құқықтың нормаларынан құралады. Мемлекеттік банктер іске асыратын банктік қызмет қаржылық құқықтың пәні болса, жеке банктермен жүзеге асырылатын банктік қызмет азаматтық құқықтың пәні болып табылады. А.И. Худяков банктік құқықтың мем-лекеттің қаржылық қызметінің бір түрі ретіндегі банктік қызметке арналған бөлігін қаржылық-құқықтық деп атауды ұсынады.

А.Деминнің пайымдауынша, «құқықтық жүйедегі төңкеріс түріндегі өзгерістер заң актілерінің санының өсуіне, жаңа құқық салаларының пайда болуына, бұрын кешенді немесе қосалқы мәртебе-сі болған құрылымдардың салалық ғылым ретінде өсуіне, бірқатар құқықтық институттардың, атап айтқанда, қаржылық құқықтың бюджеттік, салықтық, банктік және валюталық құқық институт-тарының күшейе түсуіне әкеледі. Біртұтас құқық саласының ішіндегі жаңа институттар (бюджеттік құқық, салықтық құқық, банктік құқық, валюталық құқық) жарыққа шығуды қалайды. Қазіргі уақыттың өзінде

қаржылық құқық институттарының өзіндік пәні, әдіс-тәсілдері және нормативтік жүйесі бар жеке құқық саласы ретінде бөлініп шығауы байқалады» деп қорытындылайды.

М.В. Карасева банктік жүйенің ішінде туындайтын қатынастардың салалық қатыстылығы туралы мәселені шешуді ұсынады. Мұндай ұсыныстың мәні банктік құқықтың құқықтық феномен ретінде қаржылық құқыққа және қаржылық құқық ғылымына қатысы жоқ. Себебі, қаржылық жүйе мен банктік жүйе біріне-бірі бөлек, мұның өзі Ресей Федерациясы Орталық Банкінің атқарушы билік органдарынан тәуелсіз болуымен және Мемлекеттік Думаға ғана есеп беретіндігімен түсіндіріледі. Қазақстан Республикасының заңнамасы бойынша ҚР Ұлттық Банкі Үкіметтен және басқа да билік органдарынан тәуелсіз және тек Қазақстан Республикасының Президентіне ғана есеп береді. Одан әрі, автор осы құқық саласын азаматтық, әкімшілік және қаржылық құқықтың нормаларынан құралатын кешенді құқықтық институт деп көрсетеді. Осыдан келе, банктік құқықты зерттеу және қалыптастыру әр түрлі құқықтық ғылым өкілдерінің күш қосуын қажет етуі мүмкін деген қорытынды жасайды. Алайда, әрбір құқықтық ғылым саласы өзінің зерттеу шегіне қарай бағдар ала отырып, банктік құқықты зерттеудің өзіне қатысты аясын анықтап алуы керек.

Америкалық заңгерлер: А.М. Поллард, Ж.Г. Пассейк, К.Х. Эллис, Ж.П. Дейли банктік құқықты -коп қырлы термин деп есептейді. Ол банктердің ұйымдастырылуы мен қызметтің жалпы принциптерін ғана емес, қаржылық және онымен байланысты басқа қызмет көрсету тәртібін реттейтін нормалардың жиынтығын қамтиды.

О.М. Олейниктің пікірінше, Ресей Федерациясының банктік құқығы дамуының қазіргі сатысында жариялы-құқықтық және жеке-құқықтық нормалардан құралады және негізінен шаруашылық (кәсіпкерлік) құқығына тартады. Ол банктік жүйені құру барысында туындайтын қоғамдық қатынастарды, сондай-ақ, қаржылай құралдардың айналым, сақтау және тауар ретіндегі қозғалысына қатысты банктердің қатысуымен болатын құқықтық қатынастарды, жалпы және жеке мүдделердің үйлесімділігінің негізінде реттейтін құқықтық нормалар мен институттардың жүйесін білдіреді. Автор, экономикалық негіздемелі сақтай білген жағдайда жақын арада банктік құқық өзгерістерге ұшырай отырып, жеке дара құқық саласына айналады, деп есептейді. Мәні жағынан, бұл - әр түрлі құқық салаларының белгілері мен әдіс-тәсілдерін үйлесімді түрде қамтитын, екінші тәртіптегі құқық саласы болады.

Г.А. Тосунян банктік қызметті реттейтін нормалардың салалық қатыстылығы мәселесін талдай отырып, банктік құқық кейін құқық саласы ретінде қалыптасатын кешенді заңнама саласы болып табылады деген тұжырымға келеді. Аталған заңнама саласы, біріншіден, банктер мен басқа да несиелік ұйымдардың несие-қаржы саласындағы қызметі барысында қалыптасатын тауар-ақша қатынастарын реттейтін азаматтық құқықтық нормалардың, екіншіден, мемлекеттік қаржыларды басқару жөнінде туындайтын қатынастарды реттейтін әкімшілік құқықтық және қаржылық құқықтық нормалардың жиынтығынан құралады.

Г.А. Тосуяның заң және экономикалық жоғарғы оқу орындары үшін арналған «Основы банковского права Российской Федерации» оқу курсы бағдарламасын берген түсіндірме қағазында банктік құқықтық қатынастардың нақты көріністері азаматтық, әкімшілік, қаржылық және шаруашылық құқыққа қатысты құқықтық қатынастардың көріністері болып табылады.

Н.В. Сапожников «банктік құқық» банктік жүйенің қызмет етуі, оның әр түрлі элементтерінің пайда болуы мен дамуы жөнінде қалыптасатын біртекті қоғамдық қатынастарды реттейтін және ерекше дәрежеде оқшауланған құқықтық нормалардың жиынтығын білдіреді деп есептейді.

Банктік құқық әр түрлі құқық салаларының нормаларынан құралады дегенмен, кез келген кешенді құқық саласы секілді банктік құқықтың негізін құрайтын, мәнін сипаттайтын құқықтық нормалары да болады. Банктік жүйенің негізгі элементі және банктік қызметтің негізгі субъектісі коммерциялық банк болып табылады. Банктік

заңнаманың бір бөлігі дәл осы коммерциялық банктердің қызметін, олардың өзара қатынасын реттеуге бағытталған.

Коммерциялық банктер кәсіпкерлік қызметтің субъектісі болғандықтан, олардың қызметі де шаруашылық құқықтың нормаларымен, яғни, кәсіпкерлік қатынастарды және онымен тығыз байланысты коммерциялық емес қатынастарды, сондай-ақ, мемлекет пен қоғамның мүдделерін қамтамасыз ету мақсатында экономиканы мемлекеттік реттеу жөніндегі қатынастарды реттеуі тиіс деген тұжырым жасай отырып, автор банктік қызметті кәсіпкерлік қызметтің анықтамасымен үйлестіреді. Н.В. Сапожниковтың пікірінше, осылайша реттеу коммерциялық банктер мен мемлекет арасындағы вертикальды түрде қалыптасатын және коммерциялық банктер мен олардың клиенттері арасындағы горизонтальды түрде қалыптасатын қоғамдық қатынастарды да қамтуға қабілетті болады. Коммерциялық банктер кәсіпкерлік және басқа да шаруашылық құқықтық қатынастардың субъектісі болып табылады. Банктік заңнаманың негізі коммерциялық банктердің және коммерциялық емес ұйымдардың шаруашылық қызметін реттеу болғандықтан, банктік құқықтың шаруашылық құқыққа қатыстылығы айқын деген қорытынды туындайды.

Д.К. Абжанов банктік қызметтің шаруашылық қызмет ретіндегі сипаттамасымен толығымен келіседі және банктердің кәсіпкерлік қызметінің томендегідей ерекшеліктерін атап көрсетеді:

1) Банк өзінің ғана емес, сырттан тартылған қаражаттарды да пайдаланады, демек, банктің кәсіпкерлік қызметінің тәуекелі банктің салымшыларына да қатысты болады;

2) Банктік операцияларды іске асыру мемлекеттік ақша-несие саясатын жүзеге асырудағы бір элемент болып табылады. Айталық, заңды тұлғаларға есеп айырысу шоттарын ашу арқылы оның ақша қаражаттарын тарту мемлекет тарапынан бекітілген заңды тұлғалардың ақша қаражаттарын міндетті түрде банктік шоттарда сақтау жөніндегі ережеден туындайды;

3) Банктік қызмет құқықтық реттеудің ерекше режиміне ие болады. Банктік қызметті реттейтін заңнама үшін банктік құқықтық қатынастардың субъектілерінің әрекеті мен жүріс-тұрысын неғұрлым қатал және нақты реттеу тән.

Банктік құқықтың салалық қатыстылығына байланысты Т.Г. Сырбу да осындай ой-тұжырым-дар келтіреді. Оның ойынша, банктік реттеудің негізгі міндеті ерікті бәсекелестікке негізделген нарықтық экономикадағы банктік қызметтің тәуекелдігін шектеу. Банктік жүйенің сенімділігі мен тұрақтылығы банктердің қызметін алуан түрлі әдіс-тәсілдермен реттеу арқылы қамтамасыз етіледі.

Демек, банктік қызметті құқықтық реттеу төмендегідей бағыттарда жүргізіледі: мемлекеттің құқық шығармашылық қызметін белсендіру; әлеуметтік процестерді реттеудің әр түрлі тәсілдерінің жиынтығын кеңейту (реттеу-ықпал ету қызметі).

Дегенмен, банктік құқықтық қатынастарды реттеу мәселесін атаулы қоғамдық қатынастарға мемлекеттік ықпал етудің төмендегідей мән-жайлармен сипатталатындығымен толықтыруға болар еді:

- банктік құқықтық қатынастарға мемлекет тарапынан ықпал ету реттеу сипатында іске асырылады;

- банктік құқықтық қатынастарды мемлекеттік реттеу құқықтық нысанда іске асырылады;

- банктік құқықтық қатынастарды құқықтық реттеу заң шығармашылық қызметпен және орта-лық банктің қызметімен реттеледі;

- мемлекеттік реттеудің объектісі ретінде бүтіндей банктік жүйе болып табылады.

Осылайша, банктік құқықтық қатынастарды мемлекеттік реттеу банктік жүйенің құрылуы мен

қызмет етуін тәртіпке келтіру, банктік қызмет саласында құқықтық тәртіпті қалыптастыруды және қолдауды мақсатын көздейтін, банктік құқықтық қатынастарға қатысушы субъектілердің құқықтары мен мүдделерін қорғауды қамтамасыз ететін, осы

салада мемлекеттік реттеу өкілеттігі бар органдардың заң шығармашылық және жеке-билік қызметі деп тұжырымдауға болады.

1. Олейник ОМ. *Основы банковского права: Курс лекций.* - М: Юристъ, 1997. - 424 С.
2. Гуревич И.С. *Очерки советского банковского права.* - Л., 1952.
3. Л. Давыдова, Д. Райманов. *Банковское право Республики Казахстан: Учебное пособие.* - Алматы: ЖетіЖарғы, 2004, - 640 С.
4. Ефимова Л.Г. *Банковское право: Учебное и практическое пособие.* - М: БЕК, 1994. - 360 С.

### **Резюме**

В данной статье рассматриваются некоторые теоретические проблемы государственного и правового регулирования банковской деятельности. Раскрываются понятие банковских правоотношений и банковской деятельности в целом. Отмечены основные направления правового регулирования банковской деятельности.

### **Summary**

This article discusses some theoretical problems of state and legal regulation of banking activities. Expanded the concept of Relationship banking and banking in general. Marked with the main directions of the legal regulation of banking activities.

## **К ВОПРОСУ ОПРЕДЕЛЕНИЯ СОСТАВА ПРЕДПРИЯТИЯ КАК ОБЪЕКТА ГРАЖДАНСКИХ ПРАВ**

**Г.А. Худайбердина** - *ст. преподаватель кафедры гражданского права, гражданского процесса и трудового права, КазНУ им. Аль-Фараби*

На сегодняшний день термин «предприятие» используется в различных законодательных актах. Базовые нормы, регулирующие отношения, возникающие по поводу предприятия как объекта гражданских прав на сегодняшний день, содержатся в нормах ст. 119 Гражданского кодекса Республики Казахстан. В Законе РК от 17.01.2002 г. «О торговом мореплавании» п.26 ст. 1 под общим морским предприятием понимается имущество (судно, фрахт, груз), за счет которого подлежат возмещению расходы по общей аварии.

В Законе РК от 01.03.2011 года «О государственном имуществе» также содержится определение предприятия. [1] Сравним, в соответствии с п. 1 ст. 119 ГК РК предприятием как объектом прав, признается имущественный комплекс, используемый для осуществления предпринимательской деятельности. Несколько иное определение предприятия как объекта закрепляется в пункте 1 ст. 136 Закона РК, «О государственном имуществе», в соответствии с которым, «в состав государственного предприятия как имущественного комплекса входят все виды имущества, предназначенного для той деятельности, включая здания, сооружения, оборудование, инвентарь, сырье, продукцию, право на земельный участок, права требования, долги, а также права на обозначения, индивидуализирующие его деятельность (фирменное наименование, товарные знаки), и другие исключительные права».

Данная трактовка неприемлема, так как термин «государственное предприятие» должен использоваться для обозначения субъекта права, а не объекта, ему принадлежащего. Государственное предприятие обладает на праве хозяйственного ведения имущественным комплексом, на базе которого и осуществляется соответствующая уставу деятельность. Также вызывает возражения и определение состава предприятия в части включения

долгов и фирменного наименования как имущества. В состав предприятия как имущественного комплекса входят все виды имущества, предназначенного для его деятельности, включая здания, сооружения, оборудование, инвентарь, сырье, продукцию, право на земельный участок, права требования, долги, а также права на обозначения, индивидуализирующие его деятельность (фирменное наименование, товарные знаки), и другие исключительные права (п. 1 ст. 136 Закона). В соответствии со ст. ст\ 38, 1020 ГК РК фирменное наименование определено как наименование юридического лица, под которым оно выступает в гражданском обороте. То есть это средство индивидуализации субъекта права. Однако законодатель не всегда последователен в таком определении. Согласно ст. 1023 ГК РК отчуждение и переход права на фирменное наименование юридического лица не допускаются, кроме случаев реорганизации юридического лица и отчуждения предприятия в целом. Практически законодатель отождествил ситуации реорганизации субъекта и отчуждения его имущества и допустил возможность индивидуализации предприятия - объекта при помощи фирменного наименования. Такая законодательная двойственность в отношении фирменного наименования юридического лица недопустима, данное противоречие может быть устранено только путем внесения соответствующих поправок и в понятие «предприятие» (ст. 119 ГК РК), и в норму о правилах отчуждения права на фирменное наименование (ст. 1023 ГК РК), а также в норму анализируемого нами закона либо путем изменения самого понятия «фирменное наименование», используемого в связи с определением наименования юридических лиц. Воспользоваться фирменным наименованием государственного предприятия другой субъект может только с перерегистрацией своего наименования; с другой стороны, при оставлении государственного предприятия как субъекта права, к примеру, только при временной передаче его имущественного комплекса в аренду третьему лицу возникает ситуация неправомерности регистрации фирменного наименования одновременно для нескольких субъектов. Так что включение фирменного наименования в состав предприятия возможно только при ликвидации государственного предприятия как субъекта права или при его переименовании. Что касается передачи задолженностей (включения в состав передаваемого по договору предприятия долгов), необходимо отметить, что при этом происходит перемена должника - перевод долга при условии согласия кредиторов, имеющих права требования на погашение этих задолженностей. В связи с недостаточным правовым обеспечением данного вопроса возможно нарушение прав кредиторов по обязательствам, выполняемым на базе предприятия как имущественного комплекса.

Предприятие как правовая категория обозначилось и изучалось одновременно с развитием экономических отношений, с началом промышленного «всплеска» со второй половины девятнадцатого века, с тех времен и до настоящего времени предприятие как явление рассматривалось в отечественной и зарубежной науке неоднозначно. Взгляды правоведов на предприятие разделились на две основные группы:

К первой группе авторов, которые считают что, предприятие как самостоятельный экономически независимый имущественно обособленный участник, субъект предпринимательских отношений; предприятие есть юридическое лицо, вступающее самостоятельно в юридические отношения, относятся И.К. Клейн, В.В. Чубарова, СИ. Климкин и др.

Ко второй группе авторов, которые считают, что предприятие, обособленный имущественный комплекс средство извлечения предпринимательского дохода, объект экономических интересов и гражданских прав, относятся И.В. Амирханова, И.П. Грешников, Р.А. Маметова, В.В. Витрянский и др.

Сегодня термин «предприятие» применяется в законодательстве только в отношении объекта, а применительно обозначению юридического лица этот термин употребляется как исключение в отношении государственных предприятий.

Предприятие как имущественный комплекс не может быть отнесен ни к одному из традиционных видов объектов гражданских прав в силу его особой сложности, комплексности и разнообразности сочетания составляющих элементов.

Предприятие как объект права имеет существенные отличия от простой совокупности объектов недвижимости даже если они все вместе используются в предпринимательской сфере. Предприятие как имущественный комплекс имеет ряд квалификационных признаков, которые закреплены нормативно I (или) признаются таковыми в литературе. В частности, в соответствии с п. 1 ст. 119 Гражданского кодекса Республики Казахстан (далее ГК РК) предприятием, как объектом права, признается имущественный комплекс, используемый для осуществления предпринимательской деятельности. Названная черта является отличительным признаком предприятия как объекта и выделяет его в классификации объектов гражданских прав.

Имущественный комплекс представляет собой совокупность вещей, и если он не задействован в экономическом обороте, то он не может быть признан предприятием. Предприятием имущественный комплекс становится только в том случае, когда посредством его вещного и обязательственного содержания и проявления осуществляется участие субъекта-собственника в гражданском обороте, извлекается стабильный и определенно прогнозируемый доход, появляются материальные блага. [2, с. 91-92]

Следующей, особенностью предприятия как объекта, мы считаем, является возможность определения его как динамического объекта. Динамика предприятия как объекта прослеживается в отличие от других объектов недвижимости по его использованию. Также на динамику предприятия как объекта указывает часть определения предприятия, закрепленного Гражданским кодексом Республики Казахстан, - «...имущественный комплекс, используемый для...», а также предусмотренная возможность отнесения к составу предприятия - прав требования, долгов. Таким образом, предприятие самим ГК РК фактически определяется как действующий, используемый динамический объект. [3, с. 23-27]

Если предприятие перестает быть действующим, то есть теряется критерий динамики, то оно может рассматриваться как иной имущественный комплекс или как недвижимость, но не как предприятие.

Далее подчеркивая своеобразность предприятия как объекта, законодатель применил термин «имущественный комплекс». Это свидетельствует о том, что все элементы, составляющие имущество предприятия должны быть объединены, тесно связаны между собой, подчинены единой цели использования.

Термин «комплекс» подчеркивает внутреннее единство всего имущества предприятия: «комплекс (от лат. *Complexus* - связь, сочетание) - это совокупность предметов или явлений, составляющих одно целое». Определенная целостность, общность элементов имущественного комплекса, таким образом, является одним из отличительных признаков предприятия как объекта гражданских прав. [2, с. 79]

Проявление правовой связанности вещей в пределах крупных имущественных образований - комплексов, как отмечается в литературе, объективно неизбежны и, более того, предопределены необходимостью сохранения цельности таких комплексов при включении таковых в гражданский оборот в качестве объектов гражданских прав. [4, с. 355-370]

Определение состава имущественного комплекса, его границ имеет не только важное значение для теоретического осмысления, но и носит важный практический характер, поскольку отнесение или не отнесение того или иного имущества (вещи или права) к предприятию напрямую влияет на особенности правового режима этого имущества.

В настоящее время по действующему гражданскому законодательству Республики Казахстан (п. 2 ст. 119 ГК РК) в состав предприятия входят все виды имущества, предназначенные для его деятельности, включая здания, сооружения, оборудование, инвентарь, сырье, продукцию, право требования, дол и, а также права на обозначения, индивидуализирующие его деятельность (фирменное наименование, товарные знаки), и другие исключительные права, если иное не предусмотрено законодательными актами или договором.

Текст анализируемой нормы ГК РК своей внутренней логикой, построением, смысловым ударением предполагает разнообразное и свободное построение элементов



имущественного комплекса, наличие одних и отсутствие других, различное их сочетание. Конкретизация состава предприятия (количественного и качественного) определяется исключительно его фактическим содержанием и производственно - хозяйственным назначением, предметом деятельности и занимаемым в системе экономических отношений местом. [2, с. 98-99]

Предприятие в целом как имущественный комплекс, согласно ч. 2 п. 1 ст. 119 ГК РК, признается недвижимостью. Думается, определяющим моментом в этом является наличие в его составе недвижимого имущества. Мы, абсолютно согласны с мнением о том, что «если в отношении другого имущества возможна альтернатива его включения в состав предприятия, то в отношении недвижимости законодательно фактически предусмотрено обязательное включение, путем отнесения его в целом к недвижимости». [5, с. 203]

Статья 119 Г К РК предоставляет сторонам возможность варьирования составляющих, включенных законодателем в состав имущественного комплекса предприятия.

В виду отсутствия закреплённого состава предприятия как имущественного комплекса на практике возникают ситуации, когда без наличия земельного участка (права на землю) делается попытка регистрации предприятия.

Например: Компания «Транстелеком» имеет на балансе линии волоконно-оптической связи, которые имеют дислокацию, как на земле, так и на установленных наземных креплениях, которые не признаются объектами недвижимости по казахстанскому законодательству. В связи с чем, делается попытка зарегистрировать права на объекты-носители, имеющие неразрывную связь с землей, не являющиеся объектами недвижимости, через регистрацию предприятия как имущественного комплекса.

На наш взгляд, необходимо четкое определение состава предприятия с ведением как обязательных составляющих (земельного участка или права на земельный участок) и необязательных составляющих - все остальное имущество.

Более того, законодательное определение обязательности использования предприятия в предпринимательской деятельности (хозяйственной деятельности), т.е. предприятия как действующего, используемого, приносящего доход объекта.

